



Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп



№ 37 (397) 1 - 7 қазан, 2016 жыл

Абай аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті
(Аудандық басылым тарихы 1935 жылдан бастау алады)

Бағасы келісімді

Облыс жаңалығы

ДАНИАЛ АХМЕТОВ КАНАДА ЕЛШІСІНЕ ШҚО-ДА СОЛ ЕЛДІҢ ХОККЕЙ МЕКТЕБІН АШУДЫ ҰСЫНДЫ



АСТАНА. ҚазАқпарат - ШҚО әкімі Даниал Ахметов Қазақстандағы Канаданың Төтенше және өкілетті елшісі Шон Стайлмен кездесті. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Даниал Ахметов пен Қазақстан Республикасындағы, Қырғызстан Республикасындағы және Тәжікстан Республикасындағы Канаданың Төтенше және өкілетті елшісі бірқатар ықпалдастық мәселелеріне тоқталды. Аймақ кәсіпорындарымен танысқан елші мырза тау-кен саласындағы байланысты одан әрі нығайтуды ұсынды.

Аймақ басшысы Даниал Ахметов Шығыс Қазақстан үшін ауылшаруашылық өнімін жүзеге асырудағы тәжірибесі мол канадалықтармен ауылшаруашылығы саласында тығыз қарым-қатынас орнату мақсаты бар екенін айтып өтті. Шон Стайл өз кезегінде Канадада үнемі өткізіліп тұратын ауылшаруашылығы көрмелеріне қатысуға және агроөнеркәсіп саласындағы бірлестіктермен танысуға шақырды.

Кездесу соңында ШҚО әкімі елші мырзаға Шығыс Қазақстанда канадалық хоккей мектебін ашуды ұсынды.

Кәсіби мереке

МАҚТАУ ДА, МАРАПАТ ТА МҰҒАЛІМДЕРГЕ!



Еліміз бойынша қазан айының алғашқы жексенбісінде аталып өтілетін ұстаздардың кәсіби мерекесі ауданымызда да жылма-жыл жарасымды түрде ұйымдастырылып, тың мағынамен көрініс тауып келеді. Ағымдағы жылы да бұл үлдіс лайықты деңгейде орын алды. Аталмыш кәсіби мерекенің мағынасы терең сан қырлы астары бар. Адамзатқа өмірді тануды үйрететін ізгі жандардың қоғамдағы мәртебесін айқындап, оларға өз кезегінде сый-құрмет көрсету, һәм аталмыш мамандық иелерінің жауапкершілігіне үніліп, сырына терең бойлау – өнегелі іс.

Алашқа рухани ұстаз болған ұлылар туған елдің мұғалімдер қауымы да мерейлі. Аудан педагогтары аталмыш мерекені биыл зор жетістікпен қарсы алды. Ұлағат иелерінің төл мерекесі қазан айының 5-і күні аудандық Мәдениет үйінде салтанатты түрде бастау алды. Бұл күні Мәдениет үйін бетке алған ұстаздар қауымы қызыл кілемшемен залға беттеген сәтте алдарынан гүлдерін тосқан



жас мұғалімдер қарсы алып, құшақтарын қып-қызыл гүлге толтырса, фойеде ұлт-аспаптар оркестрінің күмбірлі күйі жанға шуақ сыйлап тұрды. Әсіресе, бұл күні жас ұрпақ жолында сан жылдар бойы қажыр-қайраттарын аямай тер төккен ардагер ұстаздардың құшағы гүлге, көңілдері қуанышқа толды. Осынау әсерлі сәттерде ерен еңбектерінің арқасында абырой белесінен көрініп, есімдері құрметпен аталатын жаны ізгі жандардың арамызда мол екеніне көз жеткізгендей болды.

Залда арнайы қонақтар үшін фуршет те әзірленген еді. Тәттілерден дәм татқан ұстаздар қауымы шәкірттері әзірлеген концерттік бағдарламаны тамашалап, көңіл жадыратты.

Айта кетейік, бұл жолғы кеш тізгінін аудандық Білім бөлімі және Абай мектеп лицейінің жас ұстаздары мен мектеп оқушылары ұстаған еді.

(Басы. Соңы 4 бетте)

Атаулы күн

ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ ОЗАДЫ



Қазан айының алғашқы хабаршысындай келіп жететін Қарттар күні де өне – міне дегенше орын алып үлгерді. Қарт дегеннен шығады, «Қариясы бар үйдің қазынасы бар» деп дана халқымыз тегін айтпаса керек. Себебі, көңнің көзі, ақылдың кені саналатын қарияның сөзі дана, ісі ғибратты, өзі бір шежірелі кітап сынды. Ежелден үлкенін сыйлап, ауызы дуалы ақсақалдардан бата алып, халықты бірлікке, елдікке шақырған тәрбиелі сөздерін, аталы сөздерін тындап өскен ұрпақ қарттарын қазынаға балағанын осы сөздерден көреміз.

Халқымыздың рухани құндылықтарының ішінде жасы үлкенді құрметтеу, олардың өнегелі өмірінен тәлім алу - тарихи тұрғыда қалыптасқан дәстүр. Осы атадан балаға мирас болып, сан ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан салт - халықтың береке бірлігін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, ынтымақпен ұйысып, ел болуға ықпал ететін құндылық. Өнегелі өмірімен журтына сыйлы ақсақал көп. Абай елі де ақылы дара қариялардан кенде емес.

Аудандық ардагерлер кеңесі, 9 бастауыш ардагерлер ұйымы өңірдегі атқарылып жатқан барлық келелі бастамаларға, аудан өркендеуі үшін жасалатын қандай да бір жұмыстарға белсенді атсалысып, мақсатты іске халықты жұмылдыруда ерен еңбек сіңіріп келеді. «Көп жасаған қария - ақылы теңіз дария» демекші, мұндай жандардың қатары біздің ауданымызда жетерлік. Аға буын өкілдерінің ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы жанқиярлық ерлігі, одан кейінгі тұралаған өндіріс пен халық шаруашылығын қалпына келтіру, басқандай да сан-салалы жұмыстарды атқару кезіндегі ерен еңбектері өскелең ұрпақ тарапынан ешқашан назардан тыс қалмауы тиіс.

Ерік - жігерін ұрпағының жарқын болашағы үшін сарп еткен қарияларымызды қадірлеу - баршаның міндеті. Ұрпақ үшін тағылымы мен тәрбиесі мол әр жыл сайын

дәстүрлі түрде өтетін 1 қазан - Халықаралық қарттар күні Қарауылда да биыл айрықша аталып өтті.

Аудан әкімі Тұрсынғазы Жантұяқұлының ұйытқы болуымен аудан басшылары, ауданның игі жақсылары қатысқан ауданымыздағы «Атамекен» тойханасында өткен осынау шуақты мерекеге саналы ғұмырлары жас ұрпаққа үлгі-өнеге боларлық қариялар жиналды. Жастары 75-тен 100-ге дейінгі аралықтағы ақ жаулықты әжелер мен көкірегі шежіреге толы қазыналы ақсақалдар, аудан басшылары қатысты.

«Атамекен» тойханасында өткен мерекелік шарада ауданымыз бойынша жасы 75-тен асқан қарияларға арналып арнайы дастархан жайылып, сый-сияпаттар үлестірілді. Жайшылықта қарыс қадам шыға алмайтын, дария кезде, тау мүсін қазыналы қарттарымыз мерейлі мерекелерінде өзара бас қосып, өткен кеткенді әңгіме етіп, арқалары кеңіп, шүйіркелесіп, бір жасап қалғаны рас. Әсіресе, залда қойылған ата-



әжелеріміздің шебер қолдарынан шыққан көне бұйымдар көрмесі де көпшілікті тамсандырып, көз қанықтырды.

Қарттар күнінің әр ауылдық округтерде мерекеленіп жатқаны, тіпті мекемелерде де өткізілуі - оларға деген өскелең ұрпақтың құрметі екені даусыз. Жылдағы дәстүрге сай ауданның жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы Сағдат Тәтиева басқаратын ұйымшыл ұжым бұл күні де үлкен даярлық жасапты. Оны қарттардың әжім әдіптеген жүзіндегі қуаныштан анық аңғаруға болатын еді.

(Басы. Соңы 5 бетте)

НӨМІРДІҢ
АҢДАТПАСЫ

МЕРЕЙЛІ ОЙ ИЕЛЕРІ
МЕРЕЙЛІ БӨЛЕКІДІ

4 - бет



ҚАРТЫ БАР ЕЛ
ҚАЗЫНАЛЫ ЕЛ

1,5,6 - бет



ӨЗ САЛАСЫҢЫҢ
АЙЛАҢДЫ

8 - бет



Облыс жаңалығы

АСТАНАДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ КҮНДЕРІ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай 8-9 қазанда «Қуатты өңір-қуатты Қазақстан» акциясы аясында Астана қаласында Шығыс Қазақстан облысының күндері өтеді.

Көрмелер, қойылымдар, концерттік бағдарламалар мен ауылшаруашылығы өнімдерінің жәрменкесінен тұратын іс-шаралар елордалықтарға Ел тәуелсіздігінің 25 жылында облыстың экономикалық және мәдени салада жеткен жетістіктері жайлы баяндайды.

Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың саясатын ұстанған Шығыс Қазақстан облысы 25 жылда әлеуметтік-экономикалық, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, мәдениет және спорт салалары бойынша жарқын жетістіктерге жетті.

Атап айтсақ, 25 жыл ішінде жалпы өңірлік өнім көлемі 8,8 миллиард теңгеден 2,3 триллион теңгеге дейін немесе 260 есе өсті. Жалпы ішкі өнім тұрғындар санына шаққанда 5 мың теңгеден 1656,2 мың теңгеге дейін немесе 330 есе ұлғайды.

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылы ішінде өңірде 150 білім нысаны салынды, оның ішінде 129 мектеп, 21 балабақша бар, 100-ден астам денсаулық сақтау нысаны ашылды, олардың қатарында 17 аурухана, 28 ауылдық дәрігерлік амбулатория, 7 медициналық пункт, 13 стоматологиялық клиника бар. Мұнымен қоса, 40 мәдениет нысаны ашылды, оның ішінде 11 Мәдениет үйі, 5 Достық үйі, 10 саябақ, 3 мұражай бар. Спорт саласында 300 жаңа нысан пайдалануға берілді, оның ішінде 17 сауықтыру кешені, 139 футбол алаңы, 137 хоккей қорапшасы, 2 ипподром, 3 хоккей модуль, Жекпе-жек сарайы, теннис корты, жеңіл атлетикалық манеж, орталық жабық жүзу бассейні, спортқа дарынды балаларға арналған мектеп-интернат, тау шаңғысы кешені ашылды.

Өңірде іске асырылып жатқан жобалар тек дамуы ғана емес, бастысы халықтың жағдайын жақсартып, біртектілікті нығайтып, бейбітшілікті сақтауға бағытталуда.

2016 жылғы 8 қазанда «Көрме» орталығында Шығыс Қазақстанның Берел қорымы, Шілікті обасы сынды бірқатар тарихи орындарда табылған құнды археологиялық артефактілердің көрмесі, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде өңірдің бай мәдени өмірін таныстыратын «Шығыс Қазақстан суретшілері. Уақыт портретіне штрихтер» және «Үлкен жол кезендері» тақырыбындағы сурет және фото көрмелері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиялық кітапханасында «Тәуелсіздіктің жарқын жетістіктері: Шығыс Қазақстан» атты кітап көрмесі, театр сүйер қауымға, дәл осы күні Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде Өскемен қаласындағы облыстық драма театры сахналайтын К.Людвигтің «Жұлдызды сәт» қойылымы және Семей қаласының Абай атындағы облыстық театры ұсынатын Ф.Достоевскийдің «Дядюшкин сон» атты спектакілі көрсетіледі. «Қазақстан» спорт сарайында «Торпедо» және «Астана» балалар хоккей командалары арасындағы достық турнирі, «Барыс» х/к-ның белді ойыншысы Талғат Жайлауовтың қатысуымен балаларға хоккейден шеберлік сағаты өткізіледі.

Қазан айының 8-9 күндері «Хан Шапыр» сауда ойын-сауық орталығының алаңында «Қазақстанда жасалған» атты ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі ұйымдастырылатын болады. Жәрменкеде елорда тұрғындарына 300 тоннаға жуық түрлі ауыл шаруашылық өнімдері ұсынылмақ.

Екі күн бойы «Көрме» орталығында Шығыс Қазақстан облысының жетістіктері жайлы паш ететін «Бейбітшілік пен жасампаздықтың 25 жылы» атты бұйымдар мен өнімдердің көрмесі өтеді.

Сондай-ақ, іс-шара барысында Ә.Қашаубаев атындағы облыстық филармония ұжымы келушілерге екікүндік мәдени концерттік бағдарламасымен көтеріңкі көңіл-күй сыйлайды.

Үштілділік: сұрақ-жауап

ҮШТІЛДІЛІК БІЗГЕ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Біздің балаларымыздың алдынан жаңа мүмкіндіктер ашылу үшін қажет. Қазақ және орыс тілдері – бұл біздің күнделікті өміріміздің, ортақ мәдениетіміздің бір бөлігі, ал ағылшын тілі – әлемдік қарым-қатынас тілі.

Біздің жастарымыз, оның ішінде ауыл жастары сапалы тілдік білім алулары тиіс. Дей тұрғанмен, көптеген жастар негізгі оқыту тілі – ағылшын тілі болып табылатын еліміздің ЖОО-на (Назарбаев университеті, КИМЭП, ҚБТУ) түсу кезінде кедергілерге кезігіп жатады.

Басқа тілдерді білу – бұл игілік. Ол тұлғаның, мемлекеттің дамуына септігін тигізеді, халқымыздың бірлігін нығайтады.

Үштілділікті енгізу қазақ тілін білуге қалай әсер етпек?

Қазақ тілін үйретуге басымдық беру – бұл мемлекеттік тілдік саясаттың басты мақсаты. Тиісті мемлекеттік бағдарламаларда барлық Қазақстан азаматтарының қазақ тілін меңгеру міндеті қойылған. Үштілділікті енгізу жоспары да осы міндетті көздейді. Бүгінгі басты мәселе – қазақ тілін оқыту әдістемесінің кемшілігі. Бүкіл Қазақстанда және жеке біздің облысымызда халықаралық стандарттар негізінде тілдерді, бірінші кезекте – қазақ тілін үйретудің бірыңғай амал-тәсілдері әзірленуде.

Бізде ағылшын тілін білетін пән оқытушылары жеткілікті ме? Біздің пән оқытушыларымыздың ағылшын тіліне осылай жедел көшіп, бірнеше жылдан соң-ақ сол тілде сабақ берулері мүмкін бе?

2019 жылдың соңына қарай пән мұғалімдерін оқытып шығаруды жоспарлап отырмыз.

Сонымен қатар кейбір ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері жоғары оқу орындарына түсіп, төрт пән бойынша екінші білім алуға иіетті.

Қазақстандық мектеп оқушылары үшін тілдерді үйрену жүктемесі арпай ма?

Біздің елімізде бала дүниеге келісімен көптілді ортаға түседі, егер оның тілдерге деген қызығушылығын қолдап отырса, жеті жасында оның әлеуеті біртүрлі құрдастарына қарағанда айтарлықтай жоғары болады. Әдетте бала өзі мұны байқамайды. Бұл спорттағыдай: үнемі шұғылданып адам жүктемелерге көңілдеді; оның күші, төзімділігі, өжеттілігі тек ұлғая түседі. Ми да сол сияқты; оны жаттықтыру интеллект коэффициентін көтереді.

20 жыл бұрын бүкіл әлем ағылшынша сөйлейтін болады деп сенген ағылшындар міндетті екінші тілді меңгеруден бас тартты. Жүргізілген зерттеулер осы шешімнің айтарлықтай жағымсыз салдарын анықтады және бүгінгі күні олар әр мектепте міндетті екінші тілді оқытуға қайта оралып отыр. Жалпы, бірнеше тілді меңгерген балалар барынша табысты, олар нақты, техникалық пәндерді жеңіл меңгереді. Біздің балалар – әлемдегі көптілділікке барынша дайындалған балалардың бірі, бұған келіспеуге болмайды.

Осындай «тәжірибелерден» балалардың жалпы білімі төмендеп кетпей ме?

Бұл күдіктерді қазақ-түрік лицейлеріндегі оқыту жүйесінің көпжылдық тәжірибесі сөйілте алады. Ата-аналар мен мектеп оқушылары

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ОБЪЕКТІЛЕРДІ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ

Мемлекет Басшысының 2014 жылғы 21 сәуірдегі № 807 Жарлығымен Президенттің күзет қызметін және Республикалық ұланды қосу жолымен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі құрылды.

Мемлекеттік күзет қызметі – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін күштерге жататын, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы мемлекеттік орган.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің құрылымына Объектілерді қорғау қызметі кіреді, ол әскери құралым болып табылады. Объектілерді қорғау қызметі әскери бөлімдерден – Астана қаласында «Айбын» Президенттік полкінен және Алматы қаласында «Батыр» Президенттік полкінен тұрады. Қызметтің осы екі нағыз жауынгерлік қанатына Тұңғыш Президент – Елбасының, басқа да күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Туының және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Елтаңбасының эталондарын күзетуді жүзеге асыру; рәсімдік және протоколдық іс-шараларды және Мемлекет басшысы айқындауы мүмкін өзге де міндеттерді орындауға қатысу бойынша ерекше миссия жүктелген.

«Айбын» және «Батыр» Президенттік полктерінің әскери қызметшілерін протоколдық іс-шараларды, мәртебелі қонақтарды салтанатты күтіп алу рәсімдерін өткізу және олардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезінде көрсететін жоғары кәсіпқойлықтары, шеберліктері ерекшелендіреді.

Олардың мінсіз қызметіне шетел мемлекет басшылары мен басқа да жоғары тұрған адамдар біздің елге келген уақытында жоғары баға береді.

Жылына екі рет Мемлекеттік күзет қызметі өзінің қатарын Қазақстан Республикасының барлық облыстарынан келетін бозбалалармен толықтырады.

Мемлекеттік күзет қызметінің әскери бөлімшелеріне іріктеу басымды, мұқият және қатаң болып табылады. Үміткерлермен Қорғаныс істері жөніндегі департаменттерге жіберіліп офицерлер әңгімелесу жүргізеді. Әңгімелесу барысында барлығы анықталады: оқу және жұмыс орындарынан мінездемесі, әскерге шақырылушының қарым-қатынас ортасы, қызығушылығы мен бейімділігі,

арасындағы танымалдыққа қазақ-түрік лицейінің оқушылары бірінші кезекте бірнеше тілді білудің жоғары деңгейі және ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсырудағы тұрақты жоғары нәтижелері арқасында не болып отыр.

Қазақ-түрік лицейіне алғаш келгенде балалардың барлығы бірдей полиглот болып келмейді. Тіпті көпшілігі ана тілін жеткіліксіз меңгерген. Бастапқыда оларға жазғы курстарда тілді қарқынды үйретеді. 6 - сыныптан бастап жаратылыстану-математика циклінің пәндері: математика, физика, химия, биология және информатика ағылшын тілінде оқытыла бастайды. Гуманитарлық пәндер – қазақ тілінде, орыс тілі мен әдебиеті – орыс тілінде оқытылады. Лицейді тәмамдаған түлектер тек қазақ, орыс, ағылшын тілдерін ғана емес, сонымен қатар түрік тілін де жетік меңгеріп шығады.

Оқу пәндерін үш тілде оқыту қашан басталады? «ҚР Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы аясында 2019 жылдан бастап, 10 - 11 сыныптарда төрт пәнді (физика, химия, биология, информатика) оқыту ағылшын тілінде жүргізілетін болады.

7 - 9 сыныптарда Қазақстан тарихы, қазақ тілі, қазақ әдебиеті қазақ тілінде, дүниежүзі тарихы орыс тілінде оқытылады.

Алдағы оқу жылында облыста үштілділікті енгізу бойынша қандай шаралар атқарылатын болады?

Оқыту, орыс тіліндегі мектептердегі қазақ тілі пәні педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ф.И.Ш. Оразбаеваның жаңа деңгейлік оқулықтары бойынша оқытылатын болады.

Оқу қазақ тілінде жүргізілетін мектептерде орыс тілі пәні Ресей Федерациясы Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті шетел студенттеріне арналған филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор Е.А.Хамраеваның жаңа әдістемесі бойынша беріледі.

Қазақ, орыс, ағылшын тілдерінің мұғалімдері үшін жаңа оқулықтар бойынша оқыту әдістемесі жөнінен біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды.

Жаз кезінде біліктілікті арттыру курстарына тартылатын ұстаздардың еңбек демалысы қалай өтетін болады?

- 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚР ЕК-нің 95-бабының 1,2,3,4 тармақтарына сөйкес:

Кері шақыртып алуға байланысты жыл сайынғы ақы төлеметін еңбек демалысының пайдаланылмаған бөлігі еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша ағымдағы жұмыс жылы ішінде немесе келесі жұмыс жылында кез келген уақытта беріледі немесе келесі жұмыс жылының жыл сайынғы ақы төлеметін еңбек демалысына қосылады.

Он сегіз жасқа толмаған жұмыскерді, жүкті әйелдерді және ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерді жыл сайынғы ақы төлеметін еңбек демалысынан кері шақыртып алуға жол берілмейді.

бойы 180 смден кем болуы тиіс және, медициналық деректері керек.

Отанға деген адалдығы мен берілгендігі, батылдығы, қысылтаяң жағдайда өз бетімен шешім қабылдай алуы, төрттілігі мен қырағылығы айқын көріністерде басымдылық беріледі. Бұл жерде моральдық жағынан орнықты, дәне күші жағынан шыдамды, әскери қызметке психологиялық тұрғыдан дайындалған бозбалалар қызмет өткереді.

Шақырылған сарбаздар жас жауынгер курсынан өтеді. Оқу бағдарламасына әскери дайындықтың негізгі пәндері енгізілген және олар әскери қызметшілерді жан-жақты дайындауға бағытталған. Әскери ант қабылдағаннан кейін мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер әскери бөлімдерге таратылады. Әскери қызмет өткеру кезеңінде әскери қызметшілер 2 төзімділікке тексеруден өтеді, өйткені күзетілетін адамдардың және біздің еліміздің стратегиялық объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі атқаратын міндеттер ерекше жауаптылықты талап етеді.

Мерзімді қызметті өткерткеннен кейін запасқа шығарылатын әскери қызметшілердің көбісі келісімшарт негізінде әскери қызметті жалғастыруға ниет білдіретіні қуанышты жағдай екенін атап өткен жөн.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке қалған әскери қызметшілерге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметінде қызмет бабында өсуге мүмкіндік бар, сондай-ақ толық әлеуметтік пакет беріледі, ал ол дегеніміз: тұрғын үймен, тегін медициналық қызметтермен, жоғары оқу орындарында оқуға 50% жеңілдікпен және т.б. қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттің тиімділігін одан әрі арттыруды, жоғары білікті мамандармен жасақтауды және кадрлық саясаттың ашықтылық принципі жетілдіруді өзінің мақсаты етіп қояды, бұл ретте элиталық мемлекеттік органға Қазақстан Республикасының Президенті ерекше тапсырмаларды орындауды тапсырғанын атап өтеді.

ҚР МКҚ ОКҚ Жедел басқармасы

БІЗДІҢ ОБЛЫСТАҒЫ №1 ЖЕҢІМПАЗ КІМ?

№ п/п	Район	Место										Итого место	Район	Итого место
		ДОШКОЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ ГОДОВОЙ	ОБЩЕЕ СРЕДНЕЕ ОБРАЗОВАНИЕ ГОДОВОЙ	ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ ГОДОВОЙ	ТЕХНИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ ГОДОВОЙ	РАБОТА ГОДОВОЙ	ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ГОДОВОЙ	ОБЩЕСТВЕННО- ПОЛИТИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ ГОДОВОЙ	ДОПОЛНИТЕЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ ГОДОВОЙ					
1	Абайский	5	1	11	14	4	14	10	15	9	Зайсанский	1		
2	Аягөзский	2	5	13	18	15	2	13	8	10	Курчумский	2		
3	Бескарагайский	13	16	10	8	14	1	7	2	11	г.Риддер	3		
4	Борсодүзінський	17	17	12	7	13	19	2	1	16	Тарбағатайский	4		
5	Глубоковский	15	2	2	5	6	4	18	17	6	Кокшетауский	5		
6	Жарынский	16	7	15	15	3	7	6	15	13	Глубоковский	6		
7	Зайсанский	4	5	8	17	5	6	2	4	1	Урджарский	7		
8	Зыряновский	9	17	13	6	16	16	11	10	17	г.Усть-Каменогорск	8		
9	Катон-Карагайский	6	10	15	4	11	16	14	5	12	Абайский	9		
10	Кокшетауский	12	7	12	8	7	5	4	6	5	Аягөзский	10		
11	г.Курчатов	10	19	5	1	9	12	16	14	13	Бескарагайский	11		
12	Курчумский	11	3	3	14	1	12	5	3	2	Катон-Карагайский	12		
13	г.Риддер	1	13	6	2	16	5	1	10	3	Жарынский	13		
14	г.Семей	14	11	1	11	9	10	15	19	13	г.Курчатов	13		
15	Тарбағатайский	6	2	4	19	2	8	5	9	4	г.Семей	13		
16	Уланский	8	14	17	16	18	14	19	18	19	Борсодүзінський	16		
17	Урджарский	19	4	4	10	4	11	5	12	7	Зыряновский	17		
18	г.Усть-Каменогорск	2	12	7	5	11	3	17	15	8	Шемонаysinский	18		
19	Шемонаysinский	18	15	9	16	19	18	12	13	18	Уланский	19		

высокий уровень с 1 по 6 место

средний уровень с 7 по 12 место

низкий уровень с 13 по 19 место

■ высокий уровень с 1 по 12 место ■ средний уровень с 13 по 19 место ■ низкий уровень с 20 по 32 место

Білім беру үрдісінің нақты жағдайын анықтау және объективті ақпарат алу мақсатында Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының өңірлік білімдегі жаңа технологиялар орталығы жыл сайын аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің рейтингін жасайды. Рейтинг аудандардың білім беру жүйесінің жағдайын бағалауға, дамымай қалу себептерін анықтауға және білім беру сапасын жақсарту үшін ұсынымдар жасауға мүмкіндік береді.

Білім беру саласын бір ғана көрсеткіш арқылы бағалау мүмкін емес. Бұл тапсырманың қиындығын ескере отырып, Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы «Шығыс Қазақстан облысы аудандық және қалалық білім бөлімдерінің қызметін рейтингтік бағалау туралы» ережені бекітті. Бұл ережеде білім бөлімдері рейтингін қалыптастыру әдістемесі сипатталған.

Рейтинг жылына 5 рет жүргізіледі: тоқсан сайын және жылдық. Рейтинг мектепке дейінгі білім, жалпы орта білім, педагогикалық кадрлар,

материалдық-техникалық база, дарынды балалар, қамқоршылық және қамқорлыққа алу, инклюзивті білім көрсеткіштері бойынша жүргізіледі.

Рейтингті жасаған кезде 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы білім және ғылымды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы, «Қазақстан жаңа жаһандық шынайылықта: өсу, реформа, даму» Жолдауы сияқты еліміздегі басты құжаттарда көрсетілген мақсат-міндеттер негізге алынады.

2015-2016 оқу жылының жылдық рейтинг нәтижесі бойынша бірінші орынды Зайсан ауданы иеленіп отыр. Одан басқа Күршім ауданы, Риддер қаласы, Тарбағатай және Көкпекті аудандары алғашқы бестікке кірді. Ұлан ауданы ең соңғы орынды иеленді.

Рейтинг білім басқармасы жүйесін жетілдіруге, жүктелген стратегиялық тапсырмалар мен қызметтердің жүзеге асырылу тиімділігін анықтауға және олқылықтарын жоюға көмектеседі.

МЕКТЕПКЕ БАРАР ЖОЛ АШЫҚ БОЛСЫН

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы бойынша мектеп жасына жеткен әр бала мектепке баруы тиіс. Бірақ, әртүрлі жағдайларға байланысты кейбір ата-аналарға балаларын мектепке жіберу қиына түсіп жататыны бар. Кейбіреулері балаларына портфель әперуге жағдайлары болмаса, енді бірінші мектеп формасын сатып алуға қаражаттары жоқ. Сол себепті, жыл сайын біздің елімізде 1 тамыз - 30 қыркүйек аралығында «Мектепке барар жол» атты республикалық акция жүргізіледі.

Ағымдағы жылы акция «Бақытты балалық шақ мекені» ұранымен жүргізілуде және ол Қазақстан Республикасының 25 жылдығына арналады. Акция шеңберінде көпбалалы және жағдайы төмен отбасылардан шыққан 26632 оқушыға көмек пен қолдау көрсетілді.

Облыстың мекеме ұжымдары, жеке кәсіпкерлер, шаруа қожалығы басшылары, жаппай оқу қаражатынан көп балалы және жағдайы төмен отбасылардан шыққан оқушыларға мектеп формасын, спорт формасын, кенсе тауарларын сатып алу үшін көмек көрсетілуде.

Барлық білім беру мекемелерінде кенсе керек-жарактары мен киімдерді жинайтын гуманитарлық орын жұмыс істейді.

Балалардың мектеп құралдары немесе киімдерінің болмауы себебінен, сабаққа бармай қалуын болдырмау үшін барлық елді мекендерде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Облыстың мектептерінде акция логотипі бар плакаттар, көрнекі-ақпараттық стендтер жасалып, безендірілді. Барлық аудандар мен қалаларда «Балаға бірге көмек берейік!» атты хабарландырулар ілініп, «Мектепке барар жол» акциясы туралы баннерлер ілінді.

«Мектепке барар жол» акциясының маңызы зор. Мекеме, кәсіпорындар мен жеке тұлғалар оған қызығушылықпен қатысып, әлеуметтік жағдайы нашар балаларға қолдау көрсетуге жаппай атсалысты. Акция 30 қыркүйек күні аяқталады. Балалардың мектепке баратын жолын бақытты етуге сіз де үлгересіз.

Серілер сайысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ОБЛЫСТЫҚ «ЖІГІТ СҰЛТАНЫ-2016» САЙЫСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Өтетін жері: Қарауыл ауылы, Орталық стадион және аудандық мәдениет үйі.

Өтетін мерзімі: 10 қазан 2016 жыл, бас-талуы: сағат 10:00 және 15:00-де.

Байқауды ұйымдастырушы: Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі, Абай ауданы әкімдігі

Сайыстың мақсаты:

1.Елбасының «100 нақты қадам» Ұлт жоспарынан туындайтын «Біртектілік пен бірлік» бағытын насихаттау;

2.Мемлекеттің жастар саясатын іске асыру;

3.Жастардың бос уақытын тиімді пайдалануды ұйымдастыру;

4.«Мәңгілік Ел» патриоттық актісін жүзеге асыру;

5.«Ұлы Дала Елі» жобасы аясында жастар арасында ұлттық салт-дәстүрді, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, қазақстандық патриотизмді насихаттау;

6.Салауатты өмір салтын қалыптастыру;

7.Үздік өнерімен, білімімен, жан-жақтылығымен көзге түскен жастарды анықтап, насихаттау.

Сайысқа қатысушылар:

Сайысқа 18-29 жас аралығындағы облыс жастары қатыса алады.

Сайыстың шарттары:

І бөлім- Ұлттық ойындар сайысы

Қарауыл ауылының орталық стадионында 10 қазан, сағат 10:00 де өтеді.

Әр сайысқа қатысушы өзінің қазақ күресіне арналған спорттық киімімен және ұлттық киіммен, тазысын ертіп, сән - салтанатымен келуі шарт.

1.Жамбы ату- сайысқа қатысушы жігіттер өз кезегімен атпен шауып келіп, белгіленген нысананы көздеп соғуы тиіс.

2.Тенге алу-жігіттер жерде жатқан қызыл шүберектерді атпен шауып келіп, тоқтамай бір қолымен іліп алуы тиіс.

3.Аударыспақ- алынған жеребе бойынша жігіттер ат үстінде күресу арқылы өзара мықтыны анықтайды. Жігіттердің біреуінің аяғы жерге түскен жағдайда сайыс тоқтатылады.

Ескерту: Ат үстінде жокей қимылдарын көрсетіп, көрермендер қозаймына айналған, атпен жүрудің үздік үлгісін көрсеткен жігіттерге қосымша ұпайлар қосылады.

4.Қазақ күресі- алынған жеребе бойынша жігіттер қазақ күресі тәртібімен үздік палуанды анықтайды. Әр жігіттің өз Қазақ күресіне арналған спорттық киімі болуы шарт.

5.Қол күрестіру (армреслинг) - жігіттер жеребе бойынша өзара жеңімпазды анықтайды.

6.Гир көтеру- белгіленген тәртіппен жігіттер 24 кг. гир тасын көтеруден күш сынасады. Гирді басқа қолға тек бір мәрте ғана ауыстыруға болады.

II бөлім- Өнер сайысы

Аудандық «мәдениет үйінде» 10 қазан 15:00 -де өтеді

1.«Мен, мен едім, мен едім». Жігіттердің өзін-өзі таныстыруы.

Таныстыру формасын сайыскерлердің

өздері таңдайды, тек ұлттық нақышта, 3-4 минуттан аспауы керек.

2.«Өнерге әркімнің – ақ бар таласы».

Жігіттер жеке жұппен немесе би билеуі керек. Би әр түрлі жанрда: Ұлттық би, халықтар биі, басқа жанрдағы би болуы мүмкін.(Тек 1 би билейді)

3.«Білімді мыңды жығар». Сайысқа қатысушылар «Абай жолы» эпопиясынан, жергілікті акын -жазушылар шығармашылығынан, Ұлттық салт -дәстүр, тәуелсіздік, діни білімділік жайлы, мемлекеттік рәміздер, ат әбзелдері т.с.с. тақырыптар бойынша түрлі сұрақтарға жауап беру керек. (сұрақтарды ішкі саясат басқармасы дайындайды)

4.«Таң қалдыру». Үміткерлер көрерменді, әділ қазылар алқасын, ерекше өнермен таң қалдыруы керек.

Ескерту: Әр сайыста өнер көрсету уақыты 4 минуттан аспауы керек.

Сайысты бағалау:

Сайысты тәуелсіз әділқазылар бағалайды.

I бөлім бойынша жігіттер әр сайыста алған орындары бойынша бағаланды. I орын – 10 ұпай , II орын -9 ұпай, III орын- 8 ұпай, IV орын -7 ұпай, V орын -6 ұпай, VI, VII, VIII, IX, X орындар-5 ұпайдан.

II бөлім бойынша, әр әділқазы әрбір сайыс бойынша табломен 10 баллдық жүйе бойынша бағалап отырады. Сайысқа қатысушылардың сахна мәдениеті, тапқырлығы, киім үлгісі, шешендігі, өзін-өзі ұстауы басты назарға алынады.

Сайысқа қорытындысын шығарар кезде барлық барлық алған ұпайлар саны қосылып, ең көп ұпай жинаған үміткер «ЖІГІТ СҰЛТАНЫ-2016» атанады.

III «Баталы құл арымас». Жігіттер бата түрлерін жатқа айту керек (Мысалы, балаға бата беру, тойға бата беру, жұбайларға бата беру, жолаушыға бата беру, тілеушіге бата беру).

Ескерту: Бата 2 шумақтан кем болмауы керек.

Сұраныс қабылдау:

Сайысқа қатысушылар өзі туралы деректі және қатысуы жөніндегі сұранысты 5 күн бұрын ішкі саясат басқармасы жастармен жұмыс бөліміне 8/72-32/710041, 26-22-35 және umr_vko@mail.ru электронды мекенжайға тапсыруы шарт.

Марапаттау:

Сайысқа қатысушы жігіттер осы шарттың барлығынан өтеді.

Сайыс жеңімпазына «ЖІГІТ СҰЛТАНЫ-2016» атағы беріліп, арнаулы бағалы сыйлық тапсырылады және Облыс әкімдігінің арнайы дипломымен марапатталады.

Сайысқа қатысқан барлық жігіттер түрлі номинациялар бойынша арнайы сыйлықпен марапатталады.

ШҚО ішкі саясат басқармасы

НЕКЕНІ БҰЗУ ТУРАЛЫ

Статистика мәліметтері бойынша 2016 жылдың 9-айында Абай аудандық сотында 15 неке бұзу туралы талап арызтүскен.

Бұл істердің ішінен 10-талап арыз қанағаттандырылып некелері бұзылған.

Қалған 5-талап арыз іс медиация тәртібімен татуласуларына байланысты бітімгершілікпен қысқарған.

Бұл мәліметтер 2015 жылға қарағанда бір-шама азайғанын көрсетеді.

Неке бұзу туралы өтініштердің басым көпшілігі 20-30 жас аралығындағы ерлі-зайыптылар.

Неке бұзу-ерлі зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің өтінішімен бұзуға, сондай-ақ сот әрекетке қаблетсіз деп таныған жұбайының қорғаншысының өтініші бойынша тоқтатылады.

Некені жұбайының жүктілігі және бала туғаннан кейінгі бір жыл ішінде оның келісімінсіз бұзуға жол берілмейді.

Ал, тіркеуші органдарда некені көмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некені бұзуға өзара келісімі

ЖЕРГІЛІКТІ ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ ХАЛЫҚПЕН ЖҮЗДЕСПЕК

Елімізде жергілікті полиция қызметін кұрумен ішкі істер органдары жергілікті деңгейде құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің жаңа форматына ауысты. Сол үшін, заңнамалық деңгейде әкімдердің күзiреттерi айтарлықтай кеңейтiлдi, олар жергiлiктi полиция қызметiнiң жұмысын үйлестiредi және құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелерiнде барлық мемлекеттiк органдардың өзара қимыл жасасуын қамтамасыз етедi. Осы мақсаттарда тұрғындарға ауылдағы құқықтық тәртіптің жай-күйі туралы хабарлау, оның қызметінің анықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың ішкі істер органдарына деген сенімін арттыру мақсатында ауданның ауылдық округтерінде 2016 жылдың сәуір

кезінде және бір-біріне мүлiктiк және өзгедe талаптары болмаған кезде тiркеушi органдарда неке бұзылатын болады.

Егер ерлi-зайыптылардың бiреуiн сот қайтыс болды депжариялауы немесе хабар ошарсыз, әрекетке қаблетсiз, әрекет қаблетi шектеулi деп таныса және қылмыс жасағаны үшiн кемiнде үш жыл мерзiмге бас бостандығынан айыруға соттаса неке ерлi зайыптылардың көмелетке толмаған ортақ балаларының болуына қарамастан олардың бiреуiнiң өтiнiшi бойынша тiркеушi органдарда бұзылады.

Неке бұзу, некенi тоқтату кезiндегi даулар сот тәртiбiмен қаралады.

Сотта неке бұзылғаннан кейiн соттың шешiмi заңды күшiне енген күннен бастап тоқтатылады да неке киюды мемлекеттiк тiркеген органға (АХАЖ)-ға жолдайды.

Самат ЖАНГЕЛОВ,

Абай аудандық сотының бас маманы

р/с	Кездесу өткізілетін жері	Кездесу өткізу күнімен уақыты	Орындаушы
1	Көкбай ауылы	10.10.2016 жыл Сағат 10:00	АПБ ЖПҚ УПИ Р.Рахимбаев Көкбай а/о әкімі Ш.Жылқайдар
2	Құндызды ауылы	10.10.2016 жыл Сағат 17:00	АПБ ЖПҚ УПИ М.Рахымов Құндызды а/о әкімі Т.Үркімбаев
3	Архат ауылы	11.10.2016 жыл Сағат 10:00	АПБ ЖПҚ УПИ Д.Қасенбаев Архат а/о әкімі А.Өміртаев
4	Қасқабұлақ ауылы	11.10.2016 жыл Сағат 17:00	АПБ ЖПҚ УПИ Д.Қасенбаев Қасқабұлақ а/о әкімі А.Мұқатай
5	Саржал ауылы	12.10.2016 жыл Сағат 10:00	АПБ ЖПҚ УПИ А.Мұханов Саржал а/о әкімі Ұ.Ақылбеков
6	Тоқтамыс ауылы	13.10.2016 жыл Сағ:10:00	АПБ ЖПҚ УПИ А.Мұханов Тоқтамыс а/о әкімі А.Садырбай
7	Медеу ауылы	13.10.2016 жыл Сағ:17:00	АПБ ЖПҚ УПИ А.Мұханов Медеу а/о әкімі Д.Мұхтарұлы
8	Кенгірбай би ауылы	17.10.2016 жыл Сағ:10:00	АПБ ЖПҚ УПИ М.Тоқтарбеков Кенгірбай би а/о әкімі Г.Боранжанова
9	Қарауыл ауылы	17.10.2016 жыл Сағ:15:00	АПБ ЖПҚ УПИ М.Тоқтарбеков Қарауыл а/о әкімі Қ.Верлишев

Байланыс саласында

ҒАЛАМТОР ЖЕЛІСІНЕ ҚОСЫЛУДА

Заманауи игіліктерді Абай елінің халқы да біртіндеп игеріп келеді. Шалғай ауылдар да байланыс түрлерімен қамтылуда. Мәселен, жуырда Құндызды ауылдық округіндегі Жүрекадыр ауылының тұрғындарында ғаламтор желісіне қосылу мүмкіндігі пайда болды.


Ағымдағы жылдың екінші тоқсанында Жүрекадыр ауылында биіктігі 11 метр болатын антенналық-дінгектік құрылғыны орнату құрылысы сәтімен жүзеге асты. Бұл шараның ауылдықтар үшін берері мол болмақ. Себебі, тамыз айында орнатылған құрылғыға РРЛ (радио-релелі байланыс желісінің) жабдықтары қойылып, интернет желісіне кең жолақты қатынау арқылы қосылу мүмкіндігі пайда болды.

Игілікті шара қазіргі күннің өзінде

нәтижелі түрде жүзеге асуда. Мәселен, бүгінгі күнге дейін ғаламтор желісіне 95 абонент қосылды. Және одан өзге 20-дан астам өтініш бар. Бұл өтініштер қазан айында толығымен қанағаттандырылатын болады.

Жоғарыда айтылған құрылыс жұмыстарына атсалысып, шын жүректен үлкен көмек көрсеткен Құндызды ауылдық округінің әкімі Тілек Маратжанұлына және Жүрекадыр ауылының азаматтарына Абай аудандық байланыс саласының атынан және өз атымынан зор алғысымды айтамын.

С. ҒЫЛЫММЕДДЕН,
сатуды басқару қызметі Абай ауданы (СЖП) сату учаскесінің бастығы



Отбасы күні аясында

МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІ МЕРЕЙГЕ БОЛЕНДІ



Жуырда М. Әуезов атындағы орталық кітапханада «Ұлттық отбасы күні» аясында мән-мағынасы зор ерекше шара ұйымдастырылды. Атап айтсақ, «Алтын той», «Күміс той» сынды мерейтой иелерінің үлгілі жолын насихаттау, кейінгі толқын жастардың болашаққа деген сенімін нығайту, қоғам назарын отбасы құндылықтарына, маңыздылығына, жауапкершілікпен карауға аудару, салт – дәстүрімізді кенінен насихаттау мақсатында «Отбасы бақыт мекені» атты кітап көрмесі өткізіліп, той иелерімен кездесу кеші өтті.

Әуелгі кезекте аталмыш шараларға ұйытқы болған Отбасы күніне тоқтала кетелік. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2013 жылы елімізде тұңғыш рет Отбасы күні бекітілді, ол Қазақстанда қыркүйек айының екінші жексенбісінде аталып өтіледі. Президентіміз атап өткендей: - «Біздің қоғамда отбасы әрқашанда рухани және мәдени дәстүрлердің сақтаушысы, түрлі буындар арасын жалғастырушы болды және солай болып қала бермек. «Отбасы күні» біздің қоғамымызда руханилықты, өнегелілікті нығайтуға, ерлі-зайыптылар жауапкершілігінің маңыздылығын сөзсіз мойындауға ықпал етеді. Отанға деген сүйіспеншілік отбасынан басталады. Туған шанырақтан алған тәрбие – бұл барша халқымыздың бақуатты да табыс-ты болашағының кепілі».

Міне, осынау сөздерді басшылыққа алған ұйымдастырушылар аталмыш шараны мейлінше тағылымды түрде өткізу үшін зор әзірлік жасапты. Бұл мерекелік кешке аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің АХАЖ саласы қызметкерлері ұйытқы болған еді. Төшен Үміт Қалиқызының бас болуымен басталған кеш өте тартымды да мағыналы өрбіді.

«Отбасы - бақыт мекені» демекші, кітап көрмесі ұйымдастырылып, той иелерімен кездесу кеші өткізілді. Яғни, бүгінгі таңда тату-тәтті жанұя болып, ұлдарын ұяға,

шақырылып, шашу шашылып, ақ тілектер ағытылған бұл күні аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Үміт Қалиқызы арнайы баяндама жасады. Өз сөзінде мекеме басшысы Отбасы жайлы, отағасы мен отанасына қажетті кеңестерге кенінен тоқталды. Сонымен қатар, бүгінгі мерейтой иелерін Алғыс хатпен құттықтап, әрқайсысына гүл шоқтары ұсынылып,

сый-сияпат жасады.

Отасқандарына 60 жыл толған Көкбай ауылының тұрғындары ұлағатты ұстаздар Ережепов Жүгенбай ағамыз бен Шалғынбаева Рыскен апамызды Абай елінде білмейтін

Отағасына кеңес: Мереке күні өмірлік серігіңізге гүл шоқтарын тарту етуді ұмытпаңыз. Жарыңызды дүкенге ертіп барып, қалағанын сатып алып берсеңіз де, артық етпейді. Ал, отбасының өзге мүшелеріне театрға немесе киноға билет алып, әсерлі кеш сыйлаңыз.

Отанасына кеңес: Отбасының ұйытқысы, берекесі, мейір-шапағаты – әйел. Сондықтан, отбасы ұйытқысы өзіңіз болғандықтан, тосын сый ретінде барлық отбасы мүшелерін жинап, мерекелік дастархан жасап, қызықты кеш ұйымдастырыңыз.

Егер сіздің атаныз не әженіз болса, оларға ескі суреттері жинақталып салынған фотоальбом сыйлаңыз. Көне көзді адамдар ескі суреттерге қарап, өткенді еске алғанды ұнатады. Немесе ол кісілердің заманынан көрініс беретін ескі әндер жазылған ұнтаспа сыйлаңыз. Отбасыңыздың барлық мүшелері түскен әдемі суретті үлкен рамаға салып сыйласаңыз, барлығы да дән риза болмақ. Және жанұяңыздың мүшелерінің суреті бейнеленген шыныаяқтар немесе тарелкалар ұсынуға да болады. Ең бастысы мереке күні бір-біріңізге әдемі де әсерлі сөздер арнап, ерекше сыйластық көрсете біліңіздер!

Тек қана бүгін емес, жылдың әрбір минутында, әрбір сағатында, жанұяңызды ыстық ықыласыңыз бен шексіз махаббатыңызға бөлей жүріңіз!

адам кемде кем. Бүгінде 14 немере, 8 шөбере сүйіп отырған қарттарымыз бақытты отбасы болып жастарға өнегеліліктің үлгісін көрсетіп отыр. «Жүгенбай мұғаліміміз» деп сөз бастайтын шәкірттерінің өзі алды 70 жастан асыпты. Осындай бақытты қарттықты бастан кешіріп отырған мерейтой иелері де өздерінің ақжарма ыстық ықыласын жеткізді. Көңілдері нұрға, көкіректері сырға, өмірлері жырға толы мерейтой иелері де бұл күні өздерін ерекше сезінгендері анық. Осыдан соң «Құнанбай қажы» атындағы мешітте Болат қажы Самырбайдың мәнді уағыздары тыңдалып, отбасы құндылығы сөз болып, мешіттің арнайы неке куәліктері тапсырылды. Бірінбірі құттықтаған мерейтой иелері мерейге бөленіп, дастархан басында бас қосумен жалғастық тапты.

Мерекелік ақ дастархан басында да өнегелі әңгіме тиегі ағытылып, әсем өндерден шашу шашылды. Дәстүрлі әншілер, өнерлі отбасы Қайрат Қабышев пен жары Ақмарал Қонысбек Байдашев халық әндерінен бірнешеуін төгіліп, көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Мерейтой иелері арқалары кеніп, арқа-жарқа болған бұл күні тың естеліктерге толды. Ымырт үйірілгенше кештің көбесі сөгілмей, көпшілік Абай ескерткішінің алдында естелік суретке де түсті.

Осындай кешті ұйымдастырып өткізген аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің АХАЖ бойынша бас маманы Үміт Қалиқызының іскерлігі, ұйымдастырушылық қабілетінің жоғарылығынан деп білеміз.

Анар СӨРСЕНБИНА,
«Абай елі»

Кәсіби мереке

МАҚТАУ ДА, МАРАПАТ ТА МҰҒАЛІМДЕРГЕ!



Бастауыш сынып оқушыларының әдеби монтажы мен әсерлі қойылымдары көрерменді бірден баурап әкетті. Өжет шәкірттер өздерінің ұстаздық қабілеттерін сынап, бірі мектеп басшысы болса, қалғандары түрлі пән мұғалімдері болып, қазақ тілінде, орыс тілінде және ағылшын тілдерінде еркін сөйлеп, ұстаздарын таң тамаша етті.

Мектеп табалдырығын жаңа аттаған шынашақтай шәкірттерінің талаптарына тәнті болған ұстаздар қауымы ізгі пейілмен қошеметтерін жаудырды.

Салтанатты шараны алғысөзбен жалғаған аудан әкімі Тұрсынғазы Мүсәпірбеков пен білім бөлімінің басшысы Мақсат Нұрсұлтанұлы білім ордаларындағы ұстаздар қауымының жеткен жетістіктері мен ауданымыздағы оқушылардың білім көрсеткішіне тоқтала келе, барша ұлағат иелерін төл мерекелерімен құттықтады.

Басшылардың айтуынша, қазан айының алғашқы күндері Өскемен қаласында өткен педагогтар арасында облыстық деңгейдегі шығармашылық және спорттық сайыста Мақсат Нұрсұлтанұлы бастаған Абай ауданының педагогтарынан құралған команда «Үздік жалпы орта білім бөлімі» аталымымен марапатталған екен. Бұл аудан мектептерінің абырой-беделін арттырап үлкен жетістік екені сөзсіз. Осынау жағымды хабарды ерекше екпінмен атап өткен Тұрсынғазы Жантұяқұлы аудан педагогтарын жүлделі жеңістерімен көпшілік алдында құттықтады.

Салтанатты кештің негізгі бөлімі - мұғалімдердің мерейге бөленер мезеті. Осынау сәттерде құрмет-марапатқа кенелген Несіпбаев Абзалхан, Байбекова Венера, Қасымжан Қарлығаш, Елубаева Гүлсім, Тлеубай Нұргүл, Айтбекұлы Айбек аудан әкімінің арнайы ақшалай сертификатына ие болды.

Осылайша абырой иелерінің кезегі түрлі марапаттармен жалғанып, құрмет-ілтпатқа бөленген мерей иелерінің тізімі жалғаса түсті. Бұл әріне ұстаздар қауымының шәкірт тәрбиелеудегі зор еңбектерінің арқасында қол жеткізіп отырған белестері. Расында оқыту мен тәрбие беру процесінде, жалпы білім саласында озық әдістемелік тәсілдерімен, һәм шығармашылық жаңашылдықтарымен танылып жүрген жандар қатары мол екен. Осы орайда марапат иелерінің тізімін ұсына отыра, бала жанының бағбандарын, ел келешегі болар өскелең ұрпақ тәрбиешілерін біз де кәсіби мерекелерімен құттықтаймыз.

Тоғжан РАХЫМБЕКҚЫЗЫ,
«Абай елі»
(Соңы. Басы 1 бетте)

АБАЙ АУДАНЫ ӘКІМІ
Т.МҮСӘПІРБЕКОВТЫҢ АЛҒЫС
ХАТЫ

Балтабек Болатбек Қысатайұлы, Сьезханов Сәтбек Дәулетжанұлы, Мейрамханова Жанар Берікханқызы, Скакова Бакизат Нұрмұхаметқызы, Әділбек Үмітгүл Ілиясқызы, Әйтимова Ләйла Нұрсапақызы, Айтмұхаметова Бақыт Мәдениетқызы, Әділбаева Ләйла Есенғалиқызы, Бұқышева Қаламқас Алдабергенқызы, Қамзабаева Айгүл Сайфоллаевна, Елубаева Айман Болатқазиевна, Әбішев Елнұр Ақылтайұлы

ВИЦЕ-МИНИСТР
Э.СУХАНБЕРДИЕВАНЫҢ ҚҰРМЕТ
ГРАМОТАСЫ

Ақберген Ерлан Серікқазыұлы, Тлеубай Байбұлан Күнтуғанұлы, Жаукен Жарқын Тұрсынғалиұлы, Тұрысбеков Талғат Аниярұлы, Кемерханов Серік Қанатұлы, Имантай Бектөлеу Ақышұлы, Алтыбаев Нұрлан Рысбекұлы, Ұзақова Роза Оралханқызы, Садыбекова Анар Жумасияновна, Галиева Гүлнар Болатовна, Тайғұлова Гүлшат Ақрамовна, Тлебалдина Назигүл Хауановна

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-
ПРАКТИКАЛЫҚ «ДАРЫН»
ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ
Ш.ҚИРАБАЕВАНЫҢ ҚҰРМЕТ
ГРАМОТАСЫ

Уалиева Назкен Болатовна, Аслаева Айман Габдуловна, Муканова Ғазигүл Уалитқызы, Әміре Гүлсім Шәйкеноқызы, Нұрғалиева Күлзия Әзілбекқызы, Қайралапова Жаныл Қасымбекқызы, Жұмабаева Гүлжан Жұмағазықызы, Исакханова Миргүл Оралханқызы, Көнтабаева Бақтыгүл Болғанбекқызы, Абылхаева Марзия Абылхаевна, Нығметжанова Гүлжан Қымбатқызы, Жарылғапов Мақсат Төлепбекұлы, Көзбаева Асем Сағатбекқызы, Қали Ақмарал Тлеубекқызы, Тақанова Мейіз Мекенқызы, Әлімғалиева Гүлмира Дәулетқалиқызы, Мәметреева Мейрамғайша Қойбасарқызы, Медеуова Менсұлу Төлебалдықызы, Бекбосынова Қайникамал Оразакынқызы, Сәрсенбаев Шалқар Бекенұлы, Түсіпова Гүлназ Жетпісбекқызы, Аубакирова Алуа Медетқызы, Қожақова Раушан Базарқызы, Жұманбаева Мадина Мақсұтбекқызы, Мысырова Шынар Жанатбекқызы, Сәліменова Толқын Аманғалиқызы, Тайтөлеуов Елдос Сағындықұлы, Сейіліснова Айсұлу Зейноллаевна, Қошқарбаев Батыржан Аманжолұлы, Маямерова Жанар Малғажқызы

ШҚ ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ
А.САДЫКОВАНЫҢ ҚҰРМЕТ
ГРАМОТАСЫ

Ғылымбаева Лаура Мансұрқызы, Та-стекеева Баян Мәлікқызы, Әзімбай Зағипа Айтқазықызы, Құдабаева Дәрия Бектемірқызы, Хажибаева Жанар Кенесбекқызы

Атаулы күн

ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ ОЗАДЫ



Мерекелік кеш ең алдымен «қаламқастық» әншілердің тамаша әнімен бастау алды. Қазыналы қарттарды ең алдымен аудан әкімі Т.Мүсәпірбеков төл мерекелерімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Сонымен қатар, ақ саймайлы аналарымыз да мерекелік шарада ақ тілектерін ағытты. Еңбек ардагері, ұзақ жыл «Қазпотребсоюз» мекемесінде кәсіподақ ұйымының хатшысы болған аяулы ана Өмірзақова Бақытжамал, тоқсан жастан асқан қарт ұстаз Күләш Жакупова сынды тағы бірқатар аналар барлық қарттарды ақылшы болып, немере-шөберелерінің қызығын қызықтап жүре берулеріне тілектестік білдірді.

Осылайша, ата-әжелер айтқан ақжарма лебіздер баталы тілекке ұласты. Көкіректері ояу, кеуделері орден-медальмен тұңғыық сырға толы, кейінгі ұрпаққа мақтан болатындай ұлағатты істерімен сыйлы қазыналы қарттарға арнап Қайрат Қабышев, Еркін Жолжігітов, Ақбота Көрменова, Еркеназ Мәннәнова, Таңнұр Жаксыбеков сынды «Қаламқас» ән-би ансамблінің әншілері әсем әндер шырқап, күмбірлете күй тартып, көңілдеріне шуақ сыйлады. Биылғы жылдың бір ерекшелігі «Қаламқас» халық ән-би ансамблі ғана емес, қарттарымыз да ән шашудан қалыспады. Өз мерекелерінде өнерлерімен тәнтгі еткен аға буын өкілдерінің ізгі ісі көпшілікке, әсіресе жастарға үлгі болғаны хақ. Атап айтсақ, Секен Қалиев, Нұрдырахман Қасабай, Ақыл Нұрмұхамбетов, Әсауира Құрышева, Нагила Шанбаева, Қадиша Қадырова, Жаңылхан Аманжолова, Майра

Сіләтаева, Дәметкен Әлиясқарова және ұлттық құндылықтарымызды насихаттауда ерен еңбек сіңіріп жүрген «Нұр-Сана» салт-дәстүр орталығының әжелері шырқаған әндердің құлақ құрышын қандырғаны анық. Құдды бір ән бөйгесі дерлік әсер қалдырды. Иә, қариялар жағы ерекше көңілді еді. Бір дастархан басында шүйіркелесіп, емен-жарқын әңгіме-дүкен құрысып, әсем ән тындап, сый-сияпатқа кенеліп бір жасап қалды. Ақын Т.Жанғалиев жетекшілік

ететін М.Ибраев атындағы «Ақсұңқар» ақындығы шәкірттерінің жүрекжарды жырларын ұйып тындаған қариялар бастау-бұлақтан



сусындағандай ма дерсіз.

Ата-әжелеріміз осындай әсерлі кеш сыйлаған Абай елінің басшысы Тұрсынғазы Жантұяқұлына, аудан басшыларына, Сағдат Әбікенқызы

бастаған әлеуметтік сала қызметкерлеріне, келесі жылы құрылғанына 45 жыл толатын, өнері республикаға танымал «қаламқастық» өнерпаздарға алғыстарын жаудырып, береке-бірлікпен алда талай асуларды асып, ауданымыз бұдан әрі көркейіп, жақсылықты істердің куәсі бола берейік деген ілтипатты ниеттерімен де бөлісті.

Мерекелік кеш соңында облыс әкімінің Абай ауданы бойынша кеңесшісі, аудан экономикасының дамуына зор үлес қосқан ардагер ақсақал Байбота Орынбаев тебірең сөз сөйлеп, ҰОС ардагері, қарт журналист, ел абызы, Елбасына бата берген батагөй ақсақал Жағыпар Жүнісжанов ұлағатқа толы бата берді. Емен-жарқын, жайдарлы жағдайда өткізілген басқосудан қарттарымыз риза көңілмен тарады.

«Қарттарыңды сыйлай біл: күндердің күні болғанда кімдердің белі бүгілмес» деген екен Бұқар жырау. Ұлағатты сөзді зейініне зерделеген ұрпақ қашанда қарттарын қадірлейтіні анық. Лайым, қарттарымыз қамықпасын!

Анар ҚАБДУӘЛИҚЫЗЫ,
«Абай елі»



Кенгірбай би ауылы

ҚАРТЫ БАР ЕЛ-ҚАЗЫЖАЛЫ ЕЛ



Қоңыр күз орталаған шақта, қазан айымен бірге келетін Қарттар күні биыл да ауданымызда айрықша деңгейде аталып өтті. Жаңа буын жас толқын көнекөз қарияларға құрмет көрсетіп, әннен шашу шашып, ақ дастархандарын жайды. Мұндай игілікті шара, құрметтің озық үлгісі - жыл сайынғы дәстүрге айналған. Аға буынның өнегесін жадына тоқып, еңбекпен өрілген өмір жолдарын үлгі ету – кейінгілер үшін нағыз тағылым.

Қыркүйек айының 30 жұлдызында Кенгірбай би ауылында шежірелі, өмірі үлгі-өнегелі, аузы дуалы ақсақалдар мен ақ жаулықты аналардың басын қосқан мерекелік шара өтті. Оған осы ауылдағы барлық қариялық атқа ілінген зейнеткерлерден бастап 70, 80, 90 жасты еңсерген абыз ақсақалдар құрметпен шақырылыпты. Сонымен қатар, «ауылдың алты ауызы» ғана емес, округке қарасты шаруа қожалықтарындағы қарттар да шет қалдырылмапты. Бұл күні ауыл-аймақтың барша ардагерлері бас қосты.

Кенгірбай би ауылының әкімі Гүлнар Боранжанова бастаған ұлағатты ұстаздар қауымы мен мал дәрігерлер ұжымы бірлесіп ұйымдастырған елеулі шара алдымен мектептің акт залында концерттік бағдарламамен бастау алды.

Басқосуды құттықтау сөзімен ашқан ауыл әкімі Гүлнар Тұрысбекқызы дария кеуде, тау мүсін қарттарымыздың ара-

мызда аман сау жүрулерін тілеп, лебізімен ортақтасты.

Осыдан соң бастауыш сынып мұғалімдерінің жетекшілігімен оқушылардың әдеби монтажы орын алып, әсерлі ән шырқалып, әсем әуен аясында қарияларымыздың көңілі өсіп қалды. Ұйымдастырушылардың жоғары даярлық жасағаны, аталмыш шараға асқан жауапкершілікпен қарағаны аңғарылып тұрды.

Осыдан соң естелік фотосуретке түсіп, мектептің асханасында жайылған ақ дастарханға жайғасып, арқа-жарқа болып әңгіме-дүкен құрған қариялар ақ тілектерімен бөлісті. Ауылдың саусақпен санарлық қана мал дәрігерлерінің ұйымдастыруымен жайылған мол дастархан басында құттықтаулар да, ізгі ниеттен туған тілектер де ағытылды. Қариялар көңіл төрінде сақталған ескімес естеліктерін айтып, бір ауық өзара шүйіркелесіп, уақытты тамаша өткізді. Заманы бір, қоғамы ортақ қариялар осылайша әсерлі отырыспен көңілдерін жасартып, бір сәт сергіп қалды.

Жүргізушілік тізгінін ұстаған ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Асқар Жарасбаев алдымен сөз кезегін 86 жастағы Тоқтар Жұмановқа ұсынған болатын. Тілектер тізбегі осылайша жас мөлшері бойынша үлестіріліп жатты. Қариялар

түгел дерлік лебіздерімен бөлісіп, ұйымдастырушыларға алғыстарын жаудырып, елімізге амандық тілесіп, келесі жылғы қарттар күнінде аман сау жүздесуге жазсын десіп жатты.

«Ән көңілдің ажары» деген. Ақ дастархан басында әдемі әндер де шырқалды. Тілектер тізбегін Абай атамыздың әсерлі әнімен жалғаған Ғалия Жұманбаева кеш шырайын зор дауысымен кіргізе білді.

Ал мереке соңында ұйымдастырушылар атынан ауыл әкімі Гүлнар Боранжанова, мал дәрігері Таутанов Әкім және ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Асқар Жарасбаевтар жүрекжарды лебіздерімен бөлісіп, көңенін көзі, ақылдың кені саналар қарияларға ұзақ ғұмыр, бақытты қарттық шақ тіледі.



Қартайғанда бір жылы сөзге балаша мәз болатын қариялар қауымы осынау кештен ерекше қуанышпен тарады анық.

Тоғжан РАХЫМБЕКҚЫЗЫ,
«Абай елі»

Көкбай ауылы

ҚАРТТАРҒА АРНАЛҒАН КЕШ



Халықаралық қарттар күні мерекесін көкбайлықтар да өз мәнінде атап өтті. Аталмыш атаулы күнге орай ауылдың ардагерлер ұйымының төрағасы С.Медетбекұлының ұйымдастыруымен ауыл ақсақалдары және өзге ауылдардан келген қонақтар арасында дойбыдан жарыс өткізді.

Аталарымыз әлі де бабында екен. Тақталы ойын барысында, шеберлік танытқан қарияларымыз көп болды. Бұл шара әрі қарай Мәдениет үйі ұжымы ұйымдастырған "Қарты бар үйдің қазынасы бар" атты тақырыптағы мерекелік концертпен жалғастық тапты.

Концерт шымылдығы театрландырылған "Қарттар үйі" атты тақырыптағы көрініспен ашылды. Жергілікті өнер иелері сомдаған осынау ерекше көріністің әсерлілігі соншалықты, залда отырған көрермендер көздеріне еріксіз ыстық жас алды.

Көрініс біткен соң кеш жүргізушілері сахнаға шығып, мерекелік концерттің шымылдығын түріп, ауылымыздың құрметті азаматтары мен кеш қонақтарына сөз кезегін берді.

Көпшілік алдында сөз алған Абай аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Түнікбаев, ауыл әкімі Ш.Жылқайдар, ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы С.Медетбекұлы, Көкбай орта мектебінің оқу ісі жөніндегі менгерушісі А.Қуандықов құттықтауларын, жылы лебіздерін білдірді. Осыдан соң, дойбы ойынының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі басталды. Спорттық ойын бойынша жүлделі 1,2,3 орындарды Қарауылдан келген қонақтар иеленіп, тағы үш ардагер белсенділіктері үшін арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Марапаттау рәсімі аяқталған соң «Балауса» ясли-бақшасы бүлдіршіндері би билеп, өз өнерлерін көрсетті. Тамаша әнмен, бимен, көңілге түрлі ой салатын термен өрілген концерттік бағдарлама мек-

теп оқушыларының ұлттық аспаптарының орындауында күмбірлеген күймен әрленді. Аталмыш салтанатты шараның екінші бөлімі ауылымыздың «Болат ата» кафесінде мерекелік дастарханмен жалғасты. Қарияларға арналып жайылған дәмге демеуші болғандар, ұйымдастырушылар ауылымыздың азаматы, аудандық мәслихат депутаты А.Көкебаев пен «Болат ата» кафесінің иесі Ө.Галиев болатын. Бұл кеш жүректі азаматтарды Көкбай ауылдық округінің әкімі Ш.Жылқайдар ауыл қарттарының атынынан ризашылықтарын білдіре отырып, алғыс хатпен марапаттады.

Мерекелік отырыс мейлінше көңілді өрбіді. Ақ жаулықты әжелеріміз осынау басқосуды әсем әнмен әрлеп, жастық шақтарына ойша саяхат жасап қайтқандай болды. Әжелердің өнін тыңдай отырып, бала кезімдегі апамның қоныр дауысы есіме түсіп, көзіме ыстық жас алды.

Қарттарымыз өздерінің жылы лебіздерімен, ыстық тілектерін білдіре отырып, шараға ұйытқы болған жандарға ақ баталарын



берді. Осындай асыл азаматтарымыз бен қарттарымыз барда ауылымыздың ынтымақ-бірлігі ешқашан бұзылмайтыны анық.

Қорыта айтсақ, аудан көлемінде айшықты деңгейде ұйымдастырылып, Абай елінің ақсақалдар қауымын құрметтеп шақырып, ақ дастархандарын жаюы - Бірлік ауылының береке-бірлігінде деп білген абзал. Бұл ретте ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы С.Медетбекұлының белсенділігін де ерекше атап өту ләзім.

Қанат ТӨЛЕУБЕК,
Көкбай ауылы.

Қасқабұлақ ауылы

ЕГДЕ ЖАНДАРҒА АРНАЛҒАН ЕРЕКШЕ МЕРЕКЕ



Күнгізбедегі әрбір атаулы күн, Қасқабұлақ ауылдық округінде де өз мәнінде атап өтіледі. Осы орайда биылғы 1 қазан - «Халықаралық қарттар күні» мерекесі ауылымызда айшықты түрде өтті.

«Меккеге үш рет арқапап апарсаң да, ананың ақ сүтін өтей алмайсың» дейді халық даналығы. Бұл сөз жоқ ана мәртебесін асқатататын сөз. Осы орайда Қарттар күніне арналған осынау мерекелік шаралар қарияларымыздың көңілдерін көтеріп, ерекше сезімге бөлегені анық.

Қадірменді қарттар құрметіне арналып, ауылымыздағы «Ақниет» мейрамханасында ақ дастархан жайылып, мәдениет үйінің өнерпаздары мен Ж.Көрменов атындағы саз мектебінің ұстаздары мен шәкірттері мерекелік ән-шашуларын арнады. Мерекелік шараның беташарында ауыл әкімі Асхат Амантайұлы құттықтау сөз сөйлеп, ардагерлер кенесінің мүшелері, мекеме қызметкерлері ізгі тілектерін білдірді.

Сонымен қатар, ауыл қариялары бір-бірін төл мерекелерімен құттықтап, осынау әсерлі кешті ұйымдастырушыларға ақ баталарын

беріп, алғыстарын жаудырды. Бір бұл емес, Матаева Бақтығаным, Қабидоллақызы Тілешжамал, Сабырбекқызы Бағила сынды өнші аналарымыз өңнен шашу шашып, салтанатты мерекенің өз мәнінде өтуіне мейлінше зор үлес қосты.

Аталмыш шараның жоғары деңгейде өтуіне ауылымызда орналасқан «БАСТ» акционерлік қоғамы демеушілік жасады. Аталмыш мекеме барлық қарттарға, яғни, ауылымызда тұратын 52 адамға сый-сияпат жасаса, жергілікті кәсіпкерлер Қабидоллаұлы Сағидолла, Жұлдызбаева Тұрсынғүл, Оразбаева Жаннат, Мұқатаев Аскар, Жұмаханов Мұратхан, Тайоразова Айну, Ыбырай Салтанат, Нұғыманова Жанар, Жұлдызбаев Орынхан, Өмірғали Ербосындр өз демеушіліктерімен ауыл қарияларына мерекелік дастархан жайған болатын.

Біз де ауылымыздың асыл қазыналары, ақ сақалды аталар, ақ жаулықты әжелерімізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, ұрпақ қызығын көріп, бақытты қарттық өмір тілейміз. Мерекелеріңіз құтты болсын, қадірменді қариялар!

Жанна ТӨЛЕУ,
Қасқабұлақ ауылының әкімдігі қызметкері

Архат ауылы

АТАУЛЫ КҮНМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Бүгінде ауданымыз бойынша аталып өтіп жатқан 1 қазан - Қарттар күні Архат ауылында да өз мәнінде ұйымдастырылды. Аталмыш шара аясында округ бойынша 70 жастан асқан, алды 90-ды алқымдаған ауылымыздың ақ жаулықты аналары мен ұрпағына өсиет сөз айтар, төлім-тәрбие берер ақ сақалды қарияларға арнайы шақыру билеттері таратылған болатын. Мерекелік жиын ауылдық клуб үйінде өтті.

Бұл күні клуб үйі ерекше безендіріліп, мерекелік дастархан жайылып, барлық құрмет аталар мен апаларға арналды.

Кеш беташарын жыр жолдарымен жүргізуші Е.Рымжанов ашты. Ал алғашқы құттықтау сөз ауыл әкімі А.Өміртаева берілді. Әкім өз сөзінде бүгінгі қариялар қауымының ауыр жылдардағы зор еңбектеріне, кешегі ел басына күн туған қысылтаяң заманда келешек үшін, осындай бақытты заман үшін сіңірген қызмет, көрген бейнеттеріне тоқталып, мерекелерімен құттықтады.

Үлкенді сыйлау, оған құрмет көрсету, олардың сөзіне тоқтау сынды ізгі қасиеттер

халқымыздың бойында ертеден қалыптасқан. Келесі сөз кезегі аудандық мәслихаттың депутаты А.Елубаевқа берілді. Ауылымыздың ақ жаулықты аналары мен қарияларын мерекелерімен құттықтап өтті. Халық қалаушысы сонымен қатар, жастары 90-ға таяған, кешке келе алмаған Ү.Қазанбай, К.Серікбаева, М.Әуезбайұлына үйлеріне барып, өз атынан сый-сияпат көрсетті.

Сонымен қатар, мерекелік шара барысында қарияларды ардагерлер ұйымының басшысы С.Құмисхан, ауыл әкімдігінің бас маманы Қ.Тайтөлеу, клуб қызметкері Қ.Ыбырай мерекелерімен құттықтады.

Өз кезегінде ауылдың егде тартқан үлкендері де өздеріне бөлінген ілтипат-құрметтеріне орай ұйымдастырушыларға рахметтерін айтып, баталарын берді.

Барлық құттықтаулардың арасында клуб мүшелері дайындаған концерттік номерлер мен «Мен атам мен әжемнің жалғасымын» деген, бүлдіршіндердің құттықтауына орын беріліп, ән мен күйден, биден өнерлерін көрсетті.

Архат ауылы әкімшілігі

Орда ауылы

БАР ҚҰРМЕТ - ҚАРТТАРҒА



Қарттарға қамқорлық жасап, әрдайым олардың аман-саулығын біліп тұру бүгінгі бұйынның міндеті. Қарияларға құрмет - қалаберді елдігіміздің белгісі саналады. Қазіргі таңда ұлттық үрдіске бекем, бабалар салтына адал Абай елінде Қарттар күні кең көлемде аталып өтілді. Осы ретте Мамай атындағы негізгі орта мектепте 1-қазан Халықаралық қарттар күніне орай «Қарттарым-асыл қазынам» атты ауыл қарияларына арналған мерекелік іс-шара өтті.

Аталмыш іс-шараны мектеп директоры Р.О.Ұзақова құттықтау сөзбен ашып, барша егде жастағы жандарға ізгі лебіз білдірді. Сонымен қатар, «Момыжан» шаруа қожалығының иесі Елубаев Айдын демеушілік жасап, қарттарға сыйлықтар таратты.

Кеш барысында ата-апаларына арнап немерелері ыстық ықыласпен өлең жолдарын оқып, гүл шоқтарын сыйлады. Бұл сәт қариялардың көңіліне қуаныш сыйлағаны анық.

Ауылымыздағы қадірменді ата-апаларымыздың өнегелі өмір жолдарын бүгінгі өскелең ұрпаққа үлгі ету мақсатында, арнайы бейнефильм әзірленген болатын. Бұл көрсетілім жұртшылық назарына ұсынылып,

әсіресе, жастар үшін тағылымы мол болды. Жалпы ауылымызда 4 - «Алтын алқа иегері», 1 - «Күміс алқа иегері», төрт бірдей «Еңбек ардагері», бір «Гүл еңбеккері» бар.

Осыдан соң жоғары сынып оқушыларының орындауындағы «Токта, ботам, атан келеді артыңда!» атты қойылым көрсетіліп, көпшіліктің көңілін шықты. Бұл көріністі 8-9 сынып оқушылары А.Дәулетжанова, Ә.Дәурен, Б.Берікхан, Н.Амангелді, Ұ.Құрмет, Б.Асқарова, Д.Бекеновтер өз нақышында сомдап шықты.

Мерекелік кешіміз күмбірлеген күймен, ырғақты бимен өте әсерлі өтті. Ауылымыздың депутаты, беделді ұстаз А.Елубаев, зейнеткер ұстаз А.Жанабай, кәсіподақ төрайымы А.Маметреева қарттарды құттықтап, ізгі тілектерін жаудырса, еңбек ардагері З.Ташкенобаева апамыз мектеп ұстаздарына, оқушыларға зор алғысын білдірді.

Кеш соңында ауылымыздың ақсақалы Төлегетай Байтуов атамыз балаларға бата-сын берді. Ал ақ жаулықты әжелер ақжарма көңілден өз ризашылықтарын білдірді.

Есік алдында қырат болса, Ерттеулі тұрған атпен тең.

Ауылында қартын болса, Жазулы тұрған хатпен тең, - дегендей ауылымыздың қариялары кейінгі буын үшін үлкен қазына, бір-бір шежіре емес пе?!

Жаратушы Іеміз ата-ананың балаға, баланың ата-анасына деген мейір-шапағатын әсте өшірмесін. Қарттарды әрдайым аялайық, құрметтей білейік, ағайын!

М.С.ИГИБАЕВА,
Мамай атындағы негізгі орта мектебінің тәрбие-ісінің менгерушісі,
І.ГАЛЫМБЕКҚЫЗЫ,
тәлімгер

Токтамыстағы жәрменке

ЕТ КӨЛ, СҮТ ӨНІМДЕРІ ДЕ АРЗАҢ



Жуырда Токтамыс ауылында жергілікті клуб үйі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығы жәрменкесі өтті. Бұл күні тәнертенгісін ертерек жиналған ауыл тұрғындары келушілерге өз өнімдерін ұсынды. Шара ауқымының шағындау болғанына қарамастан саудаға шығарылған, ауылда өндірілген табиғи өнімдер аса мол болды.

Мәселен, Мұқақанова Салтанат семіз ірі қара малының етін екілеп сатса, Құмбаева Рабига мен Қайырханова Әсем бау-бақша өнімдерін (қызылша, қызанақ, сәбіз т.б.) сөреге жайып тастапты. Ал, сүт өнімдерін саудалаған Баймышева Асыл, Алина Толқын, Мұқанова Жанат (күрт, сары май, ірімшік) базаршылаған жұртқа сапалы өнімдерін ұсынды.

Жәрменкеге келген тұрғындар ұйымдастырылған шараға бек разы болысты. Сатылымға шығарылған барлық өнімдер өз иесін тапты. Жас ет пышақ үстінде сатылса, көкөніс, түрлерін де келушілер көтерме бағамен келілеп алып кетті. Қыс қарсаңында аталмыш жәрменкенің ауылдықтар үшін пайдасы мол болғаны анық.

Медәу ауылы

АРДАГЕРЛЕРГЕ АРНАЛДЫ

Бала тәрбиесіндегі маңызды саланың бірі - оларды сыйластыққа, ізеттілікке баулу, үлкендер мен қарт адамдарды құрметтеуге тәрбиелеу екені белгілі. Бұл ретте жеткіншектер рухани өсуіне ата мен әженің ықпалы зор. Олар ең алдымен баланың тілін сындырады, ана тілін игеруге көмектеседі. Көшеде, жүрген ортада үйренген қолайсыз сөздерге тыйым қояды. Мұның бәрі бала үшін аса қажетті тәрбие.

БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы 1990 жылы 14 желтоқсанда 1 қазанда Халықаралық Қарттар күні деп жариялады. Токсаніншы жылдардың басында Еуропада, кейіннен біздің елімізде кеңінен атап өтілетін мереке, жылдар өте әлем бойынша тойлана бастады.

Ауданымыздағы тәртізді бұл күн біздің ауылымызда да жылдан жылға дәстүрлі мерекеге айналып келеді. Жуырда Қарттар күніне орай Медәу орта мектебінде арнайы жоспар жасалынып, бірқатар іс-шаралар өткізілді. Мәселен, оқушылар ұйымы құрамында «Еріктілер» тобы құрылған болатын. Олар ауылымыздағы қарттарға көмектесіп, қысық отындарын түсіріп, жинап берді.

Апта бойы мектеп кітапханашысы Әсем Құсайынова «Қазыналы қарттар» көрмесін ұйымдастырып, тағылымды түрде өткізе білді.

Сонымен қатар, қарттарымызды құттықтап, мерекелік кешке арнайы түрде шақыру билеттерін жібердік. Осылайша 1-қазан күні ауылдық клуб үйінде «Қарттарын ардақтаған ел ардақты» тақырыбында мән-маңызы зор кеш өтті. Бұл салтанатты шараны ауыл әкімінің орынбасары Темірбекұлы Қуанышбек пен директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Бақдаулет Нұртазаұлы өздерінің жүрекжарды лебіздерімен ашып, қарияларға ізгі лебіздерін жолдады. Сондай-ақ, мектебімізде ұзақ жылдар бойы еңбек

еткен жұмысшысы Медет Хамзаұлын ел алдында құрметтеп, мектеп директоры Ербұлан Зекешұлының алғыс хатын табыстап, иығына шапан жауып, зейнеткерлікке шығарып салды. Кешті 8-сынып оқушысы Ақтайлакова Наргиза мен 10-сынып оқушы Салимгереев Байсұлтан өз мәнінде жүргізіп отырды.

Аталмыш шара барысы ән-жырға толы болды. Атап айтсақ, «Ана», «Шәмші әндерінен попури», 2 сынып оқушысы Рымханова Әйгерімнің орындауында «Ақ көгершін» әні, 11 сынып оқушылары Гүлбай Раушангүл мен Советқазықызы Балнұрдың арнаулары, 7 сыныптың «Джентельмен» және 7, 8 сыныптың Сыған және «Қуыршақтар» билері, 10 сыныптың қазіргі заман билері, бастауыш және шағын орталық оқушыларының мерекелік тапқартары, мектебімізге жанданаттын «Әке арманы», Бауыржанов Еркебұланның «Мама» әндері көрермендерге көтеріңкі көңіл сыйлады. Бұл ретте, оқушыларымыздың өнерлері қарттардың көңілін шықты.

Ауыл әкімі Дарын Мұқтарұлы қарттарымыздың мерекесіне арнап, ақ дастархан жайып, дәм татқызды. Бұл отырыс та ыстық лебіздерге толы болды.

Кеш соның директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Зухра Аблезқызы қорытындыласа, тұл және еңбек ардагері, ауылымыздың қадірменді ақсақалы Бертис ата оқушыларға ақ батасын беріп, мектеп әкімшілігіне ризашылығын білдірді.

Кеш соны көңілді биге ұласты.

Зухра АБЛЕЗҚЫЗЫ,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
Медәу орта мектебі.

«ТӘРТІПСІЗДІК ПЕН ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРҒА МҮЛДЕМ ТӨЗБЕУШІЛІК»! АКЦИЯСЫ АЯСЫНДА

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде тәртіпсіздік пен құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидасын қамтамасыз ету жөніндегі 2015-2016 жылдарға арналған ұйымдастырушылық және практикалық іс-шаралар жоспары жүзеге асырылуын және Абай ауданы бойынша – халықта тәртіпсіздік пен ұсақ құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидасын қалыптастыру, азаматтардың құқықтық танымы мен құқықтық мәдениетін көтеру мақсатында, жергілікті атқарушы органдар мен «Нұр-Отан» ХДП, мүдделі ұйымдардың, ведомстволардың қатысуымен Абай ауданы көлемінде 2016 жылдың 28-30 қыркүйек аралығында «Тәртіпсіздік пен құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік» атты кең ауқымды акция өткізілетін болады.

Мақсаты – халықта тәртіпсіздік пен ұсақ құқық бұзушылықтарға «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру, азаматтардың құқықтық танымы мен құқықтық мәдениетін көтеру.

- жастар мен кемелетке толмағандар шоғырланған орындарға (түнгі клубтар, дискотека, оқу орындары және т.с.с) рейдтік іс-шара өткізу;

- ішкі істер органдарының профилактикалық есебінде тұрған азаматтарды мекеңжайына барып тексеруді ұйымдастыру;

- жастар және кемелетке толмағандар шоғырланған жерлерде олардың қоғамға қарсы іс-әрекетін анықтау және

құжаттандыру, сондай-ақ олардың тарапынан бақылаусыздық фактілерінің жолын кесу мақсатында кешенді тексеру;

- құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құрылымдар жұмылдырып, көп қабатты тұрғын үйлердің аулаларында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;

Осы сала барысында ұсақ құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидасы бойынша 2014 жылы ҚР ІІМ-мен бекітілген жоспарға сәйкес, «мүлдем төзбеушілік» қағидасын жандандыру негізінде баптар қарастырылып, көрсетілген. Атап айтқанда, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 408-бабы (Иттер мен мысықтарды асырау қағидаларын бұзу), 434-бабы (Ұсақ бұзақылық), 437-бабы (Тыныштықты бұзу), 440-бабы (Қоғамдық жерде мас күйінде жүру), 441-бабы (Жеке-ленген қоғамдық орындарда темекі шегу), 442 бабы 1 бөлімі (ҚЖТ заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз ойын сауық мекемелерінде болуы), 442-бабы 2 бөлімі (ҚЖТ заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғын жайдан тыс жерде болуы), 592-бабы (Көлік құралын белгіленген жылдамдықтан асыру), 593-бабы (Көлік басқару кезінде сактандыру белбеуін таппау), 608-бабы (Мас күйінде көлікті басқару), 615-бабы (Жаяу жүргіншілер жол жүріс қағидаларын бұзу) баптарымен жергілікті халықтың сана сезімін көтеру мақсатында жұмыстар атқарылады.

Абай ауданының ішкі істер бөлімінің Жергілікті полиция қызметі

КҮШ БІРІКТІРІП КҮРЕСЕЙІК

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» атты мақаласында «Қазір қазақстандық мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа кезеңі бастау алды. Мәңгі Жарлығыммен Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі министрлік, оның құрылымында - Жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ұлттық бюросы құрылды. Осылайша, тек мемлекеттік қызмет жүйесі ғана емес, сондай-ақ, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл танытатын, яғни жемқорлық көріністерінің барынша алдын алуға бағдарланған жүйе де жанғыртылып отыр. Бұл жерде жемқорлықпен күрестің өзі барынша дәйекті бола түседі» деп атап көрсеткен еді. Қазір мемлекеттің сыбайлас жемқорлықпен аяусыз күрес жүргізу жөніндегі заңдылықтар жетілдіріліп, оған жаңа нормалар қосылуда. Біздің елдегі оңай олжаны көздейтіндер пара алу, қызметті жеке мүддеге пайдалану,

қызметтік жалған қужатты жасау сияқты қылмыстарға жиі барады екен. Аталған қылмыстарға қарсы жаңа Қылмыстық кодексте жемқорлық үшін қатаң жазалар көзделген және аса ауыр қылмыстар санатына жатқызылған. Сол себептен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2015 – 2025 жылдарға арналған стратегиясы және көлемкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015 – 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарлары жүзеге асырылуда. Құндызды ауылдық округі әкімінің аппараты тарапынан қоғамда сыбайлас жемқорлыққа байланысты санағы қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізіліп тұрады. Жалпы жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ іс. Сол себептен бұл кеселмен қоғам боп күш біріктіріп күресуіміз қажет.

Бақытжан СЫДЫҚОВА, Құндызды ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы

101 хабарлайды

АВТОКӨЛІКТЕРДІҢ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Абай ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі аймақтағы автокөлік иелерінің назарына 2016 жылдың ағымдағы мерзімінде Абай ауданының аумағында жеңіл автокөлікте 2 өрт (2015 жылда 3 өрт) тіркелгені туралы хабарлайды. Автокөліктерде негізгі өрттің себебі, өрт қауіпті нысанмен абайсыздықта пайдалану кезінде болып табылады.

Осының бөріне біріншіден себеп болатыны, бұл автокөлік иелері өз темір тұлпарларына дұрыс қарамауы және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау: алғашқы өрт сөндіру құралдарымен (өрт сөндіргіштермен) жабдықтамайды, электржүйелерін қауіпсіздік талаптарына сәйкестендірмейді және т.б. Екіншіден себеп болатыны: жылдағы техникалық тексеру өткізу кезінде, автокөлік иелері көліктерін тексеруге дайындамайды. Көліктерді маршрутқа, алыс сапарларға шығару кезінде осы жағдайлардың бөрі толық толтырылмайды да ары қарай өртке шығынымен әкеліп соғады. Автокөлік жүргізушілерімен өрт қауіпсіздігі бойынша жақсы деңгейде нұсқамалар жүргізілмейді. Өрт қауіпсіздігі нұсқаулығын және жүргізушілерді өрт болған кезде іс-әрекеттерін орындауын дұрыс жүргізген кезде әрі жүргізуші қауіптің көзін жоя алады.

Автокөліктер жоғары өрт қауіпін бар нысандары болып табылады. Сонымен қатар, автокөліктерде шыққан біршама кішкентай өрт, адамдардың жарақаттануын және апат

болуын қосқанда ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін.

Осылай, 2016 жылдың 28 тамызы мен 29 қыркүйегінде Қарауыл ауылының орталық алаңы мен Абай көшесінде жеңіл автокөліктерде (УАЗ, OPEL Vectra) өрт болды. Екі өрттің салдарынан автокөліктер зардап шегіп, қожайындарына біраз материалдық шығын келтірді. Бастапқы өрттің себебі – электржүйесінің қысқаша тұйықталуы. Аталған факті бойынша материалдар тергеу және шара қолдану үшін құқық органдарына берілді.

«Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 18-бабына сәйкес өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіру мәнішкі нысанына қарамастан кәсіпорындардың басшыларына және автокөліктердің иелеріне жүктеледі.

Осыған орай, Абай ауданының ТЖБ автокөлік иелеріне адамдардың өмірі және мүлікті өрттен сақтау үшін, автокөліктерде жылдық техникалық тексеру жүргізу кезінде, күнделікті пайдалану кезінде көліктерді алғашқы өрт сөндіру құралдарымен (өрт сөндіргіштермен) міндетті түрде жабдықтауын және қауіпсіз жағдайына келтіруін талап етеді.

ШҚО ТЖД Абай ауданының ТЖБ

Абай ауданының тұрғындарының назарына!!!

ЖШС «АЗИЯЛЫҚ НЕСИЕ ҚОРЫ» ұсынады

КЕПІПСІЗ

Зейнеткерлерге, кәсіпкерлерге, еңбек ақылы адамдарға!

НЕСИЕ МАҚСАТТАРЫ:

- Бизнесі дамыту үшін
- Ауыл шаруашылығын дамыту үшін
- Үй жөндеу үшін
- Тұтыну мақсаттары үшін
- Оқуға төлеу үшін

Ерекшеліктері:кепілсіз

- топ құрамы 3-10 адамға дейін
- сомасы 30 000- 200 000 теңгеге дейін
- комиссиялық ұстапалымсыз

Мамандар қабылдаймыз

Асығыңыздар :

Қарауыл ауылы . Молдағалиев көшесі 9үй 10 пәтер.Жұмыс орыны телефоны 9-23-53

Ұялы телефоны Айдоc8 771 800 49 96

Өмірбек 8 771 993 16 73

ЕСКЕ АЛУДЫҢ ҚИЫНЫ - АЙ...



Өмірде жарқ еткен жасындай ғана ғұмыр кешіп, сол қысқа ғұмырында өзінің бар адами болмыс-қасиетімен көпке танылып, өнегелі ісімен ел құрметіне бөленіп, соңына жарқын із қалдырып кеткен еді.

Жанат аз ғұмыр кешсе де, мағыналы өмір сүрді. Халық айта жүрерліктей артына өнегелі із қалдырды. Жан баласына жақсылық жасағысы кеп тұратын адал қасиетімен, көңілі кіршіксіз, аңқылдаған ақжарқын мінезімен баршамызды баурап алып ортамызда ерекшеленіп жүруші еді, марқұм...

Жанат Аюсбайқызы 1965 жылдың 13 наурызында дүниеге келген.

Жанат Аюсбайқызы көп балалы отбасының ортасынан шыққан. Білімді, өнегелі, өмірге күштар жан еді. Жандарбекпен отасып, Әсел, Маржан атты екі қызды дүниеге әкелді .Әселден немере сүйіп, өмірдің қызығын енді көремін дегенде арманына жете алмай өмірден озды.Ол қызмет жасаған Абай аудандық орталық ауруханасында өзіндік орны, бар өшпестей із қалдырды.Өз арамьзда сондай сыйлы, өжет, өз ісінің білгір де ,білімді маманы еді. Жанат есеп бөлімінің қыздарын сондай жақсы көретін. Жанаттың әр-бір күлкісін, әр бір қылықтарын әлі күнге дейін ұмыта алмаймыз.Біз үшін Жанат мәңгі тірі!.



Қарауыл ауылының тұрғыны аяулы жар, ардақты ана, немерелеріне асыл әже болған **Молдақасымова Шайзат Қажыбайқызының** дүниеден озғанына 40 күн болды.

Кешегім оралардай кешкен ізден, Келердей күнде көзді кештеу ілгем. Өзінді қайтара алмай жүрміз бүгін, Өмірге деген үлкен өкпемізбен.

Бұл көңіл қамыққанын жасыра ма, Сағынсаң көздің жасы тосыла ма. Айнымас адалдықты арқапап ап, Алыстан кете бардың асыл ана.

Ақ танды сағынышпен атырамын, Інірді көз жасыммен батырамын. Жаңына серік болып иманыңыз, Анашым, торқа болсын топырағын.

Сағынып еске алушылар: жұбайы Боранбай, балалары, немерелері, туыстары Марқұмның 40 күндік асы қазан айының 15-і күні сағат 13:00-де «Еңлік-Кебек» тойханасында ерлер мен әйелдерге бірге беріледі.Асқа барлық туған-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, ауылдастарды шақырамыз.

Көңіл айту

«С.Бекбосынов атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы мектептің сызу-сурет,технология пәнінің мұғалімі **Оралғазыұлы Сырымға** апайы **Айдарханова Назым Оралғазықызының** қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады «С.Бекбосынов атындағы орта мектебі»КММ

Сатылады

Қарауыл ауылының Әуезов көшесіндегі №54 үй сатылады.Үйдің қора-жайы, монша және гаражы бар, су кіргізілген, ваннасы бар. Жері үлкен, бау-бақша егуге қолайлы.Бағасы келісімді. Байланыс телефондары: 8775 401 19 70



Абай ауданы, Көкбай ауылының тұрғындары болған, асқар таудай әкеміз **Ескалұлы Сайлауғазыға** 10 жыл **Сайлауғазыұлы Жанат** және **Жолшыбайқызы Дидар** тірі бол-

са 40 жасқа толар еді. Немерем **Ерланқызы Ботаныр** өмірден өткеніне 2 жыл болады. Марқұмдарды сағына еске аламыз.

Жарық нұр сыйлап жаһанға жалғыз Жаратқан, Жақсылармен жап-жарық нұрын таратқан. Жақсының бірақ дәм-тұзы лезде таусылып, Жалғаннан ерте қайтуы заңды о бастан...

Тағдырға налып, жандардан жасты жасырып, Ержеттік қалай ертеңгі күнге асығып. Тау жаққа қарай жандарды бірақ тартады, Жарқын бір бейне көрінер деген бос үміт.

Жарқын бейнелер кетпейді әсте санадан, Ұрпағы аман, тұрғанда халық, елі аман. Өзіне қайтқан, өзін деп қайтқан жандарға, Жарық нұр төкші мейірімді, Алла Тағалам.

Сағынып еске алушылар: жұбайы Көкен, ұл-келіндері, немерелері

Марқұмдардың рухына бағышталған ас қазан айының 16-сы күні Көкбай ауылында «Болат ата» тойханасында сағат 13:00-де ерлер мен әйелдерге бірге беріледі. Асқа барлық туған-туыс, құда-жекжат ауылдастарын шақырамыз.

Министрлік марапат

ӨЗ САЛАСЫНЫҢ
ҮЗДІГІ АТАНДЫ

Бүгінде еліміз бойынша қазақстандық патриотизм мен кәсіби мақтанышты және адами ынтымақтастықты тәрбиелеу басты мәселе саналады. Міне, осы мақсатта ҚР Президенті, Ұлт Кеңбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығына сәйкес, 2012 жылдың 30-шы қыркүйегі ресми түрде Қазақстан Республикасы Әділет органдары қызметкерлерінің күні болып танылды.

Бұл мереке еліміздегі барша заң қауымдастығы өкілдерін, Заңның қағидаларын берік ұстанатын, сөзі және ісімен әділдікті дәріптейтін, Конституциялық негіздердің қол сұғылмауын қамтамасыз ететін барлық заңгерлерді, мемлекеттік қызметшілерді ортақ мүдде, бір мақсатқа жұмылдырады.

Әділет басқармасы негізінен заңды тұлғаларды тіркеу жұмысын ұйымдастыру қызметі түрлерін көрсетеді. Бұл қызмет түріне заңды тұлғаларды тіркеу, қайта тіркеу, құрылтай құжатына өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу, заңды тұлғаның филиалы мен өкілдіктерін тіркеу жатады. Сонымен қатар, ауданымыз бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу жұмысын ұйымдастыру қызметі де сапалы жүргізіледі. Бұл қызмет түрінде сатып алу, сату шарты, мұрагерлік куәлік, сыйға тарту шарты, жер телімдерін, құжаттардың жүргізілген өзгерістер мен толықтыруларды тіркейтін әділет басқармасының қызметі

қауырт, жауапкершілігі мол екендігі рас. Бір бұл емес, құқықтық түсіндіру және халыққа заңгерлік қызмет көрсету, зияткерлік меншік құқықтары қызметінің жұмыстарын жүзеге асырады. Сонымен қатар, азаматтық хал актілерін жазу, нормативтік құқық актілерді тіркеу, заңды тұлғаларды және филиалдар мен өкілдіктерді тіркеу, құқық түсіндіру және халыққа заңды қызмет көрсету, зияткерлік меншік құқығын қорғау және діни істері жөніндегі қызметті айқындау бағытында іргелі шаралар жүргізіп келеді. Жалпы, әділет қызметі саласына жыл сайын түрлі өзгертулер мен толықтырулар енгізілетінін айта кеткен ләзім. Әсіресе, халықты құжаттандыру, жылжымайтын мүлікті тіркеу жайындағы Заң өзгерістерін айтуға болады. Соның аясында тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, әрі құқықтық тұрғыдан кеңес береді.

Осы ретте, әділет басқармасы қызметкерлерімен қатар, басшысының да субелі еңбегін атап өткенді жөн көрдік. ҚР Әділет министрінің бұйрығымен 2009 жылы 15 қазан айында аудандық әділет басқармасының басшысы болып тағайындалған, бұл салада ұзақ жылғы еңбек өтілі бар Махметов Ақсұнқар Советұлы жақында 30 қыркүйек – әділет органдарының құрылған күні мерекесіне орай Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің «Әділет органдарының үздігі» төсбелгісімен наградталды. Бұл әлбетте, жерлесіміздің, Абай елі азаматының өз қызметіне асқан жауапкершілікпен қарап, қалтқысыз қызмет етудегі қол жеткізген зор абыройы екендігі анық.

Жүктелген міндеттерін адал және кәсіби шеберлікпен орындағаны үшін марапатталып отырған басқарма басшысын біз де құттықтай отырып, алдағы еңбектеріне жеміс тілейміз. Әрдайым, осындай құрметке кенеліп, халық игілігі жолында абыроймен қызмет атқара беруіне шын жүректен тілектестік білдіреміз!

Анар ҚАБДУӘЛИҚЫЗЫ,
«Абай елі»

Жас жүрек жайып саусағын

ТАЛАБЫҢ ҰШТАЛСЫН, ТАЛШЫН!



Бүгінгі Абай елінің даңқын өнерлі өрендер де аспандатып жүр. Солардың көшбасында тұрған, Қарауыл гимназиясының 10 сынып оқушысы, кішкентайынан өнге әуес, күйге құмар болып өскен талантты Талшын Советқызын ерекше атауымызға болады. Талшын жақында «Ғұмырдария» орталығының ұйымдастыруымен жасөспірімдер арасындағы Алматы қаласының мың жылдығына арналған республикалық «Алматым жүрегімде» атты ән байқауынан бас жүлдені еншілеп қайтты.

Көркемдікке құмар, әдебиетке құштар, кітап оқығанды ұнататын ол түрлі зияткерлік және шығармашылық олимпиадалар мен сайыстарға да белсене қатысады. Мәселен, калалық патриоттық өндер байқауының дипломанты атанды. Ауданымыздағы Ж.Көрменов атындағы музыкалық мектептің прима-кобыз класын бітірген ол жан-жақты, сан қырлы өрен. Вокалды да қоса алып жүреді. Сонымен қатар, спортқа да бейім. Талшын волейбол және биенен әуестенеді. Одан өзге мектепте әр түрлі мәдени шаралардың жүргізушісі болып өнермен де, біліммен де алға озып, мектеп мақтанышы болып жүрген шәкірт. Алғыр қыз 2015 жылы облыстық «Жарқын болашақ» атты өнер байқауында І-орынды қанжығасына байласа, осы жылы Республикалық «Абай оқуларының» «Көңілім әнді ұғады» бөлімі бойынша

жүлделі ІІІ-ші орынды жеңіп алды. Бұған қоса үздік те, талантты шәкірттердің бірі ретінде «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығына баруға мүмкіндік алған болатын. Бұл орталықта да «Тележүргізуші», «Сазды әлем» үйірмелеріне белсене қатысқаны үшін алған сертификаттары бар.

Өзі ата-аналары Смайлов Совет пен Серікқанқызы Зәуренің отбасындағы төрт қыздың кенжесі. Үлкен апайы Сәуле Семей қаласында мұғалімдік мамандықтың тізгінін ұстаса, Әлия кезінде «Ақсұнқар» ақындар сыныбының шәкірті болған-ды, ал Торғын да ән айтып, өнерпаз қыз екендігін дәлелдеп үлгерді.


Енді байқауға оралсақ, «Эстрадалық вокал» бойынша 14-19 жас аралығындағы 50-ден аса үміткерлер қатарында бақ сынаған Талшын ең алғашқы турда «Құс қайтты Алматыма» әнін шырқаса, ІІ- турда «Сағыныш күйім еліме» әнін нақышына келтіре әуелетіпті.

Осылайша, ҚР «Кино қайраткері, ҚР кинематографиясының үздігі», профессор Ш.Имашұлы, ҚР мәдениет қайраткері, хореограф Б.Бектаев және ҚР мәдениет қайраткері, әнші М.Нұрмұханбетова, «Ғұмырдария» балалар байқауының авторы А.Токтарбекқызы сынды әділқазылар алқасының қырағы көзіне іліккен Талшынның бас жүлде алуын әділ шешім тапқандығы деп білеміз. «Адам өз бақытын қалаушы. Әр қайсысында табандылық, шыдамдылық және өмірде бір нәрсеге жету үшін ұмтылыс болу керек» дейтін өмірлік ұстанымы бар Талшынның алда елі де талай алар асуы бар деп сенеміз. Талшынды осы жолғы байқауға Нұрбек Өмірбеков дайындап апарыпты. Вокалдан беретін мұғалімінің де еңбегі зор екендігі анық. Осы байқаудан Ағдәриева Ақбөпе есімді тағы бір талантты шәкірті жүлделі ІІ- орынды иеленгенін ескерсек, Нұрбектің де өнер айдынында еркін жүзген өрелі ұстаз екендігін деп басып айта аламыз.

Ал Талшынның өзі болашақта әнші, актриса болуды армандайды. Алдағы уақытта дәл осындай «Алматым жүрегімде» байқауы Семей қаласында да өткізілетін көрінеді. Тұла бойына тұнған табиғи талант иесі Талшынға алда да осындай ән байқаулардан оза шауып, өнердің биік шыңынан көріне бер дегіміз келеді. Талабың ұшталсын, Талшын!

Анар СӨРСЕНБИНА,
«Абай елі»

Тұсаукесер

ЖИНАҚ АРЖАУЫ - ЖАЕ
АҚЫЛДАРДЫҢ ЖАЕЫН
ЖЫРЛАРЫ

